




Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қазақ ұлттық өнер университеті
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
The Kazakh National University of Arts
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Казахский национальный университет искусств



*ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ*

*DEDICATED TO THE 20TH ANNIVERSARY
OF THE ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN*

*ПОСВЯЩАЕТСЯ 20-ЛЕТИЮ
АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА*

«IV-ШІ БОРАНБАЕВ ОҚУЛАРЫ: ӨНЕР МЕН ТАРИХТАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫСТАР: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ» ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ (19 ақпан 2015 жылы)

«4RD BORANBAYEV READINGS: THE PHENOMENON OF ETHNOLEVEL IN THE CULTURE AND EDUCATION: HISTORY AND PRESENT» MATERIALS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE OF THE KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY OF ARTS (February 19, 2015)

«IV-Е БОРАНБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ: «ФЕНОМЕН ЭТНОКУЛЬТУРНОСТИ В ИСКУССТВЕ И ОБРАЗОВАНИИ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ». МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА ИСКУССТВ (19 февраля 2015 года)

2 ЧАСТЬ/ 2 БӨЛІМ

**ASTANA
АСТАНА**

УДК 378:7.0
ББК 74.58 : 85.1
Ө-48

Бас редактор: **Г.А.Хусаинова**

«ӨНЕР МЕН ТАРИХТАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫСТАР: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ»: IV-ші боранбаев оқулары. Қазақ ұлттық өнер университетінің Халықаралық ғыл.-тәжірибелік конференцияның материалдары =

«ФЕНОМЕН ЭТНОКУЛЬТУРНОСТИ В ИСКУССТВЕ И ОБРАЗОВАНИИ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ»: IV-е боранбаевские чтения: Материалы Международной научно-практической конференции Казахского национального университета искусств.- Астана, КазҰӨУ, 2015.2 ЧАСТЬ -201 б.-қазақша, ағылшынша, орысша.

ISBN 978-601-7458-15-7

Халықыралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағында білім беру мен өнер салаларындағы этномәдени мәселелерге арналған мақалалар мазмұндалған.

В сборнике материалов Международной научно-практической конференции изложены статьи, посвящённые проблемам этнокультурного развития в сферах образования и искусства.

УДК 378 :7.0
ББК 74.58 :85.1

ISBN 978-601-7458-15-7

© КазҰӨУ, 2015

IV СЕКЦИЯ . IV SECTION.
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН
FINE ARTS AND DESIGN
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН

Lomov S. P.

**THE HISTORY OF DEVELOPMENT OF
CONCEPTUAL THEORIES OF COLOUR**

Ломов С.П.

Академик РАО,

Почетный академик РАХ,

Академик-секретарь РАО

**ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ
КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ТЕОРИЙ ЦВЕТА**

С древних времен ученые пытались объяснить природу цвета. Однако вплоть до 60–х гг. XVIII в. существовали самые неправдоподобные теории этого явления. Еще *Аристотель* (384–322 гг. до н.э.) считал, что причиной возникновения цветов является смешение света с темнотой.

Подобные теории выдвигались и значительно позднее такими учеными, как *Рене Декарт* (1596–1650), *Иоганн Кеплер* (1571–1630)

Роберт Гук (1635–1703) причину цвета, вместе со многими учеными того времени, связывал со свойствами самого света, а не с работой глаза.

В 1664–1668 гг. *Исаак Ньютон* (1643–1727) провел серию опытов по изучению солнечного света и причин возникновения цветов. Результаты исследований были опубликованы в 1672 г. в его труде под названием "Новая теория света и цветов". Этой работой Ньютон заложил основу современных научных представлений о цвете.

Хотя с тех пор наука о цвете получила большое развитие, многие положения, установленные Ньютоном, не утратили своего значения до наших дней. Поэтому, стоит рассмотреть их более подробно.

Впервые наиболее близко к объяснению трехцветной природы зрения подошел великий русский ученый *М.В. Ломоносов* (1711–1765), он провел серию опытов по изучению солнечного света и причин возникновения цветов, описанных в его сочинении "Слово о происхождении света, новую теорию о цветах представляющую" (1765г.).

Но только *Томас Юнг* (1773–1829), (английский физик и врач) в 1802г. впервые объяснил многообразие воспринимаемых цветов строением глаза. Т.Юнг считал, что в глазу находятся три вида светочувствительных окончаний нервных волокон, а действие света приводит к их раздражению. При раздражении волокон каждого отдельного вида возникают ощущения красного, зеленого и фиолетового цвета. При раздражении нервных волокон всех видов возникают ощущения всевозможных других цветов, которые можно рассматривать как смеси трех цветов основных раздражений.

Т.Юнг первый правильно назвал одну из триад основных цветов: красного, зеленого, фиолетового. Для определения сложных цветов он предложил пользоваться графиком, подобным цветовому кругу, но имеющим форму треугольника, в вершинах которого находятся точки трех основных цветов.

Свое подтверждение и дальнейшее развитие трехцветная теория получила в середине XIX в. в работах *Германа Гельмгольца* (1821–1894), немецкий физик и физиолог впервые дал математическую формулировку закона сохранения энергии.

Джеймс Клерк Максвелл (1831–1879), английский физик, открыл электромагнитную природу света.

После Максвелла многие исследователи производили измерения для выражения всех спектральных цветов количествами трех основных. Достаточно точные данные были получены только в 1930–1931 гг. *Райтом* и *Гилдом*, которые выполняли свои измерения независимо друг от друга. При этом в качестве излучений трех основных цветов они брали совершенно разные излучения: в опытах Райта это были однородные излучения, в опытах Гилда — сложные излучения, проходящие через светофильтры. Их опытные данные после пересчета на единую триаду основных цветов очень хорошо совпали.

В 1931 г. Конгресс *МОК* (Международная Осветительная Комиссия) принял эти данные в качестве основы для международных систем измерения цветов RGB и XYZ. Система XYZ остается до сего времени основной практической системой измерения цветов.

Рядом исследователей были рассчитаны спектральные чувствительности трех приемников глаза. В 1947 г. *Гранит* провел опыты на живом глазу у некоторых животных, обладающих цветовым зрением. В результате опытов он обнаружил наличие в глазу животных трех видов приемников: сине-, зелено- и красно-чувствительного.

Таким образом, подтвердилась трехцветная теория Юнга, которая хотя и была очень достоверной, но все же оставалась гипотезой. Попытки применить на практике научные открытия в области природы цвета предпринимались еще на основании работ Ньютона.

Так, через три года после смерти Ньютона (в 1730 г.) французский гравер *Ле Блон* пытался получить многоцветные гравюры, используя семь основных цветов Ньютона. Однако он убедился, что при этом можно ограничиться всего тремя цветами.

В 1855 г. *Максвелл* впервые указал на возможность применения принципов трехцветной теории зрения в практике воспроизведения цветных изображений. В 1861 г. он впервые продемонстрировал цветную фотографию, полученную трехцветным способом. Эта фотография была получена аддитивным смешением.

В конце XIX в. *Дю-Орон* разработал принципы способов цветовой субтрактивной репродукции, включая схему современного способа цветной фотографии на трехслойных пленках и цветной печати. Однако общий уровень

развития техники того времени не позволял широко их применить. Раньше других способов начала применяться на практике цветная печать (в конце XIX — начале XXв.).

Однако цветную печать скорее можно было отнести к искусству хромофотографии, чем к технике. Лишь в середине 30-х годов началось освоение современных промышленных методов цветной печати и цветной фотографии, основанных на методах трехцветного воспроизведения.

В настоящее время эти методы нашли широчайшее применение в цветном телевидении и компьютерной технике, и, конечно, в интересующей нас области — представлении информации в Интернет. Для данной области важно новое научное направление «Цветоведение».

Цветоведение - наука молодая, определившаяся как самостоятельная отрасль знаний лишь в прошлом столетии, но вопросы цвета привлекали внимание исследователей давно. Так, выдающиеся художники и теоретики прошлого: Ченнини, Леон Баттиста Альберти (1404-1472), Пьеро делла Франческо (1476-1492), Леонардо да Винчи (1452-1519), Джорджо Вазари (1511-1524), Джанпаоло Ломаццо (1538-1600), Альбрехт Дюрер (1471-1528), Франческо Пачено (1564-1654) в своих трактатах о живописи писали о цвете. Цвет исследовали, как указывалось выше, такие корифеи науки, как Э.Ньютон (1642-1727), М.Ломоносов (1711-1765), Г.Гельмгольц (1821-1894), Гете (1749-1832) написал специальный труд "Учение о цветах".

С древних времен ученые различных стран пытались объяснить природу цвета, однако вплоть до 60-х годов XVII в. существовали самые неправдоподобные теории этого явления. С середины XVII в. многие ученые причину цвета связывали со свойствами самого цвета, а не с другими особенностями (физическими, химическими, психологическими и др.), данные исторические аспекты рассматриваемой проблемы особенно актуальны в современной художественной практике.

Общеизвестно, что пять главных цветов являются символами элементов входящих в состав всех вещей во вселенной, сторон света и сезонов, они еще обозначают господство человеческого общества.

Пять основных цветов тесно связаны с личностью человека. Цвет Запада - белый означает терпение. Синий цвет Востока - справедливость. Цвет Севера - черный символизирует мудрость, а красный цвет Юга - вежливость.

Произведения искусства являются лучшим средством воспитания чувства прекрасного. В них мы можем видеть гармонию цвета и чувствовать его энергию и тем самым быть способным выразить свой собственный внутренний мир. Поэтому очень важно для художественного развития современной творческой молодежи наслаждаться произведениями искусства, воспринимая их прекрасную цветовую композицию, несущую в себе энергию и гармонию цвета.

Литература:

- 1.Зайцев А. Наука о цвете и живопись. М.: Искусство, 1986. 158с.
- 2.Ломов С.П.,Аманжолов С.А. Цветоведение. М.: ВЛАДОС, 2014.144с.

Assylbekova Aiman
**1970-1980YY. NEW SIGNIFICANT AND
ARTISTIC PLASTIC IN KAZAKH PICTORIAL ART**

Асылбекова А.М.

өнертану кандидаты,

ҚР Суретшілер Одағының мүшесі

**1970-1980 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КЕСКІНДЕМЕ
ӨНЕРІНДЕГІ ЖАҢА МАЗМҰНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК-
ПЛАСТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР**

XX ғасырдың аяғына таман дүниежүзілік мәдени кеңістіктегі өзгерістер мен оның Қазақстанға ықпалы бейнелеу өнері саласын да өз аясында қамтыған болатын. Мәдениеттанушылар атап өткендей, бұл кезеңдегі рухани мәдениеттің дамуына ықпал еткен сыртқы факторлар қоғамдық санада да барынша ықпалды күшке айналды, ал кейбірі идеологиялық сипат алып рухани кеңістігімізде орнықтырылды. Мәселен, еуропаландырудың күшейе түсуі, америкаландыру үрдісі, мұсылмандандыру мен шығысқа бетбұрыс және қайта қазақтандыру XX ғасырдың аяғындағы ықпалды бағыттарға айналды.

Осы кезеңнен бастау алған бұл бағыттардың нәтижесі бүгінгі күні мәдениеттер сұхбаттастығы мен жаһандану үрдісіне келіп тоғысып, адамзат дамуының объективті көрінісіне айналды.

Өткен ғасырдың 1970-1980-ші жылдары Қазақстан мәдениеті, соның ішінде кескіндеме өнерінің дамыған, кәсіби деңгейі көтеріліп, жанрлық, тақырыптық мазмұны кеңейген тарихи кезең болды. Әрине, кеңес идеологиясының саяси ұстанымдарына сәйкес белгілі бір конъюнктура, бағыт-бағдар сақталып, соның бәрі сол баяғы жауыр болған «социалистік реализм» деп аталатын мәдени позицияның төңірегінде тоғыстырылды. Осы кезеңдегі Қазақстан мәдениеті, соның ішінде кескіндеме өнерінің дамыған, кәсіби деңгейі көтерілген, жанрлық, тақырыптық мазмұны кеңейген маңызды тарихи сатысы болды. Осы кездегі қазақ кескіндеме өнерінде өзіндік үлес қосқандар санатында белгілі қылқалам иелері: Ә.Сыдыханов, Т.Тоғысбаев, Б.Табиев, М.Нұрлыбаев, А.Нақысбеков, О.Нұржұмаев, Д.Әлиев және тағы да басқа көптеген суретшілерді атауға болады.

Сонымен қатар жетпісінші-сексенінші жылдардың соңына таман қоғамдағы саяси тоқырау кезеңінің алдын сезіну, ондағы қарама-қайшылықтар көріністері өнердегі де ой-сананың өзгеруіне әкеледі. Демек, өтпелі кезеңнің бастауы болды деп айтуға болады. Ол хақында философ Г.Шалабаева: «Түрлі мәдени-тарихи кезеңдерде орын алған өтпелі кезеңдерді таразылай отырып, біздің назар аударатынымыз, мәдени-әлеуметтік жүйенің дағдарыс шегіне жеткен сәттерінде шешім бірлігі тәртібі бұзылып, оның есесіне пайымдаушылық альтернативтік шешім ұлғаяды.»[3, 4б.]. – деген пікір білдіреді.

Осыған байланысты «осы кездің кескіндеме өнеріне тақырыптық жағынан қандай ерекшелік тән болды» деген сұраққа келер болсақ, қазақ

кескіндеме өнерінде бір жағынан ресми, саясиланған-элеуметтік тақырып басым болса, екіншіден кескіндемешілер өз шығармаларында ұлттық колоритті, ұлттық символдық образдарын ресми ұстаным астарында беруге ұмтылыс жасағандығын пайымдай аламыз.

Айтылып отырған жылдар өнері жайлы белгілі өзбек өнертанушысы Н.Ахмедова да: «1970-1980-ші жж., қазақ кескіндеме өнерінде түркімен және өзбек кескіндеме өнеріне қарағанда, интеллектуалды-философиялық күрделену жағына бетбұрыс болды...» [4, 114] –деп өзіндік баға береді

Мұнда пейзаж, өнеркәсіптік тақырыптарымен қатар тұрмыстық жанр саласына бойлай ену ұлттық мәдениет құндылықтарына да қайта оралуға мүмкіндік берді. Қалалық-урбанизациялық тақырыпта ұлттық нақыштар кескіндемелік кеңістікте аз орын алса, тұрмыстық жанр ауылдық, табиғат аясындағы тіршілік сюжеті еңбек көріністері сипатындағы тақырып арқылы кеңінен көрініс тапты.

Бұл кезеңнің шығармашылығының жалпы ауаны кәсіби тақырып болғанымен ұлттық мінез-құлық, табиғат, уақыт пен кеңістіктегі адам бейнесі айқындалып отырды. Ал ұлттық нақышты беретін тұрмыстық жанр шығармаларында ұлттық колоритті, ұлттық болмыс кешуді, рухани құндылықтар бағамдарын байқаймыз.

Отандық өнертанушыларымыз: «жеке құбылыс арқылы тұрақты болмыс категорияларының тиімділігін көрсететін сезімге толы бояу түсі мен пластиканың негізінде қазақ даласының өзіне ғана тән табиғи көрінісін бейнелеген Шаймардан Сариев және Әбдірашид Сыдыханов секілді суретшілер алпысыншы жылдардың соңы мен жетпісінші жылдардың ортасында ресми сын жағынан байқалған көзқарастарға қарамастан замана талабын рухани сезімдік деңгейде көрсетуде өз келбетін сақтап қалды»[5, 5]-деп тұжырымдайды.

Әбдірашид Сыдыхановтың «Темекі жинау» атты еңбегі 1972 жылы жазылған белгілі еңбек. Шығарма негізін табиғат аясы мен ондағы темекі жинаушы әйел бейнелері құрайды. Әйелдердің бейнесі табиғат көрінісімен қайшылық құрмайды, қайта керісінше өзіндік үйлесімділікке құрылып, экологиялық сыйымдылық көрінеді. Туындыда байыптылық, тыныштық анық байқалады. Әйелдер бейнесінен ауыр, монотонды еңбекпен айналысушы адамдарды емес, әдемі, жадыраңқы көңіл-күйді бейнелеу доминатты болып келеді. Сондықтан өнертанушы А. Юсупованың туындыдағы дүниені мерекелік көңіл күйде қабылдау тән, ал темекі жинаушы әйелдердің пластикалық шешімі бишілерге ұқсатуын қуаттаймыз.

Бір қарағанда алдыңғы жобадағы әйелдер әлдебір шығыс кілемі аясында бейнеленгендей көрінеді. Туындыдағы түстік түзілім шешім қоңырқай мен ашық сары түстерінің бірлігін аңғартады.

Қылқалам шебері әйел бейнесінің сымбатын, жастығы мен албырттығын көрсетуге ұмтылады. Композицияның орталық бөлігінде орналасқан екі әйел бейнелері жас ерекшеліктеріне сай жұптық құрады. Композиция орталық бөлігінде отырған әйелдің бет әлпетінен шығыстық сұлулық пен сабырлылық

және салмақтылықты байқауға болады. Кескіндемешінің туындысында әйелге тән мәңгілік әсемдік, адам мен табиғат үйлесімдігі басты рөл атқарады. Шебердің композициялық шешіміндегі әйел сұлулығы, қозғалыс пластикасы ауыр еңбекті мейрамға айналдыру жалпы қалыптасқан реалистік стильден тыс өзіндік мәнер ізденістерінен туындаған декоративтік шартты кескіндемелік көркем пластика тілінде айқындалған.

Суретшінің осы кездегі тұрмыстық жанрға қатысты «Алма жинау» (1973), «Тоғызыншы ықшам аудан» (1973) шығармалары күнделікті өмір көріністерінің лирикалық-романтикалық бейнесі. Қылқалам шеберінің шығармашылығы жайында өнертанушы Б.Барманқұлова: «Суретші әр уақытта ізденіп отырған бейненің пішінін, сұлбасын, түсін, ауқымын, үйлесімдігін жасаудың ерекше жолдарын іздейді» [6, 70] - деп атап өтеді

Аталмыш кезеңнің көрнекті қылқалам шеберлерінің бірі Б.Табиевтің шығармашылығы да өзіндік ерекшелігімен танылған болатын.

Шебердің тұрмыстық жанр бойынша ұсынған шығармалары ұлттық реңктерді тереңірек түсіндіруге бағдарланады: терең ой, халықтық сарын, ұстамдылық пен байыптылық және т.б. Осы көріністерді бейнелеу сәтінде туынды әрбір көрерменге терең ой тастайды, шығарма сол көрерменнің талғамы мен дүниетанымына сай өзіндік шешімін табуы тиіс деген ой меңзеледі. Яғни, көрермен ондағы тылсымдықтарды ашып, әрі қарай өзі түсініп алуы тиіс. Суретшінің шығармашылығы жайында өнертанушы А.Юсупова: «Б. Табиевтің кенептеріне тән ішкі тартыс, қуаттылық, эмоционалды толыққандық, дүниенің құндылықтарын тереңінен түйсініп, табиғатпен байланыстағы көркемдік рухани ұмтылыстарды көрсетеді» [7, 11] –деп атап өтеді.

Мәселен, қылқалам шеберінің «Күту», «Баласын арқалаған ана», «Кездесу» туындыларына тоқтала кетсек. «Баласын арқалаған ана» туындысында, баласын арқалаған күйі бет-бейнесі көрсетілмеген ана образы, әрине, өмірдің шаттығын білдіре алмайды. Қайталамалы тіршіліктің немесе белгілі бір өмірдің, тағдырдың әділетсіздігіне налудың ниетін білдіреді. Ол «өмірге теріс» қараған күйі, «белгісіз жаққа кетіп бара жатыр». Монументалды кескіннің шарттылығы жалпы өмірдің мағынасының айқынсыздығымен ұласқандай. Дала – қазақ даласы, түйе жануарының бейнесі бұл жерде негізінен жігерлілік пен қуаныш туғызбайды, яғни мұнда Асан қайғы, Қорқыт бабамыздың желмаясы сарынын аңғартады.

Демек, ол туралы «неге, қайда кетіп бара жатыр», «қай жерде жүр» деген сияқты сауалдарды көрерменнің өзінің шешіміне қалдырады. Б.Табиев шығармаларындағы өзіне тән күнделікті тұрмыс-тіршілік көрінісін сезім деңгейінде бейнелеу, оның бояу шешімі мен өзіне тән түстік түзілімдер құрылымы арқылы көрініс табады. Шебердің пішін құрылымдары қарапайым, шарттылық стилімен айқындалады.

Б. Табиевтің «Кездесу» (1982) туындысы ұлттық танымның тарихи дәстүрлерін нақыштап, оны тереңдете ашып көрсету үшін философиялық мазмұнды меңзейді.

Туынды тақырыбы мен мазмұны бойынша философиялық және лирикалық мәселелелердің аясында нақышталған. Құрылымы бойынша басты екі объект қатысады, үшінші объект – дала.

Негізгі екі объект бірін-бірі толықтыратын және тақырып бойынша да «кездесу феноменін» білдіретін маңызды көріністер. Сонымен қатар қосымша объектілердің де өзіндік толықтырушылық, мазмұнды сипаттаушылық және логикалық, эстетикалық қызметтері бар, мәселен, балбал тас әрине қазақ даласындағы кеңістікке ғана орналастырылуы қажет екендігі түсінікті. Екі бейненің арғы жағындағы күңгірттеу фондар балбал таспен түстес, нақышталуы жөнінен сарындас болғандықтан, байырғы архитектуралық ансамбльдің тұспалды елесін беріп, өзіндік толықтырушылық қызмет атқарады.

Тұтас сюжет көрінісінде, күңгірттенген-күлгін бояулар арқылы көне заман мен байырғы дала, ондағы қастерлілік пен қасиеттілік анықталынады. Кездесу сәтіндегі екі объектінің бірі, балбал тас, яғни, байырғы ата-бабаларымыздың жерлеу дәстүріндегі белгі. Көркем туынды осы элемент арқылы тарихи-тұрмыстық сипат алады. Себебі, жаңа заман мен қазіргі заман дәуірінде балбал тас қоя отырып жерлеу рәсімі жоғалған. Жерлеу исламға дейінгі немесе бұл дін толық қабылданбаған кезеңдермен шартталады. Ал егер, қазіргі заманға баласақ, онда, балбал тас зираты қатысушы субъектінің жуық арадағы замандасы емес, байырғы ата-бабасының рухы екендігі күмәнсіз. Ұлттық наным-сенімдегі рухқа табынудың сарқыншақтарын білдіріп, көнелік пен байырғылықтың асқақтығы мен қадірлілігі жөнінде ақпараттар бере алады.

Осы шығарманы талдап отырған өнертанушы А. Юсупова да бұнда уақыт қана емес, кейіпкердің қай жерде, қай аймақта жүргендігі жөнінде кеңістіктің де нақтылынбағандығын атап өте отырып: «Балбал бейнелері бір кенептен келесі кенепке көшкен сайын терең пайымдана түседі.. ...Көне түріктерде Көк тәңірлеріне тек қана жұмақтағы ата-бабалары рухына табыну арқылы тағзым жасай алады. Қайтыс болған адамның ата-бабалар рухымен тығыз байланысымен және олардың қорғап-қоршап жүреді деген сеніміне байланысты бірнеше рәсімдік салттар туындайды. Соның бірі балбал тұрғызу – ата-бабалар рухына табыну объектісі» [1, 47], -деп туындыдағы балбал тастың негізгі мағынасын ашып көрсетуіміз үшін септігін тигізетін көркемдік таным тұрғысынан өзіндік пікірлерін пайымдайды. Сондықтан басты идея – ұлттық танымдағы толғаныстың эмоционалдық қырына келіп тоғысады.

Кездесіп отырған белсенді субъектінің жас шамасы физиологиялық-биологиялық жағынан алғанда, өзінің өмірлік өмір сүру қорларын сарыққан кейуана, қарт әже. Дегенмен, бұл кездесу – өлілер мен рухтар әлеміндегі «рәміздік кездесудің» нышанын белгілейді де, трагедиялық сипат алып, өлім мен өмір мәселесін туындатады. Қазақ халқындағы айтыстың байырғы бір түрі – өлі мен тірінің айтысын ескерсек, бұл жердегі «өлі мен тірінің кездесуі» аналогиясын пайымдауға болады.

Демек, көркем туындыда терең психологиялық астар бар. Бұл жерде ең басты психологиялық толғанысты автор сырласу, үндесу, қайғысын немесе қуанышын бөлісу, мұңдасу арқылы айқындайды. Екінші бір қырынан алғанда,

рухтарды асқақтандыру, оған құрметпен қарау, ата-бабасын сағыну мен аңсаудан құралады. Шығармада толық тыныштық пен үнсіздік жайлаған. Осы тыныштық шарты қарт ананың өзінің ішкі толғанысын береді. Себебі, кездесу сәтінде әдеттегідей диалог жоқ екендігі түсінікті. Демек, оның диалогы ішкі толғаныстың монологы болып шығады. Балбалтаспен кездесу сәтінде екі адам емес, бір ғана адамның бейнеленуі, тіпті шығарманың фонында да ешқандай тіршілік белгісінің болмауы біздің ой-пайымымызды дәйектей түседі.

Кескіндемеші шығармашылығында туған жер, отан тақырыбын үнемі назарынан тыс қалдырмай келгендердің бірі. Автордың «Кездесу», «Даладағы кеш», «Иін ағашты қыз», «Қарақұмдағы ауыл» және тағы басқа жұмыстары осының көрінісі. Оның шығармашылығының осы ерекшелігін зерттеушілердің бәрі де атап өтеді.

Өнертанушы Р. Ерғалиева Б. Табиевтің шығармашылық қолтаңба ерекшелігін П. Кузнецовтің жазу өнеріне жақындатады. Ол екеуінің шығармашылығына біріншіден, далалық философияны, дүниетанымның ерекшелігін меңгеру тән болса, екіншіден, екеуінен де ішкі күйзелісті тыныштық пен ерекше лиризм байқалады-деп санайды. Белгілі орыс суретшісі Павел Кузнецовтың «қырғыз сюитасы» аталған сериялық жұмысында сонау қазан төңкерісіне дейінгі қазақ даласының, қазақ дәстүрлі шаруашылығының көріністері берілгені белгілі. «Дала» сериясындағы «Даладағы сағым», «Даладағы кеш», «Даладағы жауын» сияқты белгілі еңбектері қазақ суретшілері үшін бір жағынан тарихи және жанрлық үлгі болғаны сөзсіз.

Бірден айта кету қажет қылқалам шеберінің көркем туындылары сонау «кемелдеген социализм» атанған өткен ғасырдың 1970-80ші жылы жазылғанымен социализм көріністерінен толықтай ада екені көзге түседі. Ешқандай кеңес елі де, екпінді құрылыстар да, мақталған социалистік өмір салты да болмағандай, суретші өзінің туған көшпелі өркениетінде, мыңдаған ғасыр қалыптасқан тыныс-тіршілігінде жүргендей көрінеді.

Бұл кезеңдегі атап өтетін дарынды қылқалам шеберлерінің бірі Т.Тоғысбаев. Суретшінің шығармашылығы да осы кездегі ешқандай «социалистік стандартқа» сай келмейтін өзінің қайталанбас ұлттық декоривтік мәнерімен айқындалады. Қылқалам шеберінің шығармашылығы алпысыншы-жетпісінші жылдардағы еліміздің өнерінде көптеген өзіндік шығармашылық мәнерімен танылған суретшілеріміздің арасында қайталанбас даралығымен көзге түскен тұлғалардың бірі.

Алпысыншы-жетпісінші жылдар суретшілерінің шығармашылығы жайында өнертанушы Р. Жанғожин: «Еліміз бен халқымыздың тарихындағы, тағдырындағы осы тамаша кезеңде, сана мен рухани өмірдегі ұзақ титықтатқан жұтаңдықтан, көркем практика мен ой пікірдегі сірескен қасаңдықтан соң қайта қайта құлпыртып, шешек атып, жайнай түскен творчестволық ойдың қайнар-қуаты адам назарын өзгеше тарихи мәдени және этнопсихологиялық өміршендігін сақтаған рухани мәдениеттің сарқылмас қазыналарына аударатырып, қадірін түсініп қастерлей білуге ықпал етті.

Халық атты біртұтас ұғымды құрайтын адамдардың жеке дарын-қабілетінің қайталанбас, биік мәнін бойына жинаған бейне бір сиқырлы кристалл сияқты өнер де азаттық алған дара тұлғаның адамгершілік күші мен сұлулығын, адамның өзі жасаған іске деген мақтанышын бейнелейді.» – [8, 3] деп заман жайлы, суретші жайлы бүкпесіз өз пікірін білдіреді. Расында да суретшінің туындыларындағы күнделікті өмір тыныс-тіршілігі бір сәтке мереке-мейрамға айналады.

Қылқалам шеберінің ерекше көркемдік тіл ізденісінің анық үлгісі болып табылған «Асхана» атты көркем туындысындағы ас бөлмесін бір сәтте мереке-мейрамға айналдырған сиқырлы әлемге бөленесің. Ондағы ашық, таза айқын түсті құрақ көрпелер, жеміс-жидектер бейнелері оптимистік көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Ұлтымызға тән декоративтік айшықты түстер пластикасы арқылы айналаны әуезді әнге толтырғандай көрінеді.

Кескіндемеші Т.Тоғысбаев картиналары даланың қош иісін, ұлттық дүниесезім ерекшелігін сезінуге мүмкіндік береді, ұлттық және жалпыадамзаттық мәселелер туралы ойлануға, өркениет пен дәстүрлі халықтық құндылықтар қарым қатынасындағы қайшылықтар туралы ойлануға көмектеседі. Ал, ең бастысы, бұл – жақсы кескіндеме өнері» [8, 4].

Осы уақытта ұлттық тақырыпты кеңінен тарқатқан қылқалам шебері Нұржұмаев Оралбек шын мәнісіндегі бейнелеу өнеріндегі ұлтымыздың жыршысы болды деп айта аламыз. Суретшінің кенептеріндегі күрделі бояулардың үні, бейне бір тереңнен тартқан күй секілді. Тұрмыстық жанр саласындағы шығармалары да өмірдің шынайы бейнесін, ондағы қуанышты сәттер мен ойлылық сезімдерді жинақтайды.

Суретші О.Нұржұмаевтің шығармашылығында жерінің, халқының күнделікті тыныс-тіршілігіне арналса да, суретшінің туындылары күнделікті күйбең тіршілік, немесе бір уақыттың өзекті мәселелерінен ада екендігіне көз жеткіземіз. Қылқалам шеберінің «Әуен» (1971), «Әжеме барғанда» (1964) туындыларына қарап уақыт өзгерсе де халқымыздың ішкі сана-сезімінің өзгермейтіндігіне сендіреді.

Композиция шешіміндегі қоңыр-сары текеметтік түстер, адамдардың статикалығы мен монументалдылығы мызғымастық пен мәңгілік сезімдерін тудырады. О.Нұржұмаевтің осы кезеңдегі шығармалары байыпты, жылы түстік түзілімі мен пішін құрылымдарының монументалды шешімімен танылады.

Шебердің «Күй сазы» атты жұмысы 1972 жылы жазылған. Жұмыс экспрессивті, эмоцияға толы болып келеді. Ондағы тақырып тартылған күйдің әсеріне бөлейді. Киіз үйдің төрінде дастархан айнала қонақтар, бала-шаға орналасып, ұлттық тағам қымыз ішілуде. Есік жақтағы жас домбырашының күйі ерекше эмоциялық атмосфера шақырғаны адамдардың серпілген, бұлқынысты, сезімге, жігерге толы бет әлпеттерінен көрінеді. Ақ дастархан жабылған дөңгелек үстел бір жағынан тазалықты, имандылықты, құрметті, пейілді білдірсе, дөңгелек үстел айнала отырған адамдарды біріктіреді, ол тіпті ғарыштың, бізге көрінбей тұрған киіз бөлшегі шаңырақтың символы болуы да мүмкін.

Жұмыста ер азаматтық бастау анық байқалады, оларды әйел-ана, балалар бейнелері толықтырып, күй-басты біріктіруші, яғни рухани бастау, сакральдық әуен ретінде тақырыптың негізі болып тұр. Ұлттық колорит, ұлттық мәдениет барлық жағынан анық. Киіз үйдің ішінде ешқандай өзге мәдени артефактарды көрмейміз, киіз үйдің ең сакральді кеңістік фрагменті – төрді киіз үйдің ұлттық безендіру элементтері мен халқымыздың қасиетті сусын тағамы – қымыз ішу көрінісі арқылы бейнелейді.

Осылайша автор мәдениет өкілдері мен мәдени дүниелер көріністері арқылы мәдени рухани құндылықтарымызды бір жерге Ақ дастархан басына шоғырландырған. Сакральді төрде, сакральдық тамақтан ауыз тие отырып ұлт өкілдері оларды біріктіруші, өткенмен, ата-баба рухымен байланыстырушы күйден қуат алады, әуен – ұлт өкілдерінің ұрпақ сабақтастығын бейнелейді, ортақ аура, ерекше асқақ жағдай туады. Үйдің ішкі жылылығын сары дала түсі арқылы, яғни ол Сары Арқаны немесе шексіз қазақ даласының бейнесін үй ішінің безендіруі түрінде символданған.

Сонымен бірге ортадағы ақсақалдың көйлегі, балалар киімі және әйел адамның ақ орамалы белгілі бір символикалық- семантикалық салмақ атқарып тұрғаны сөзсіз. Туындыдағы көк түсте ұлттық түстер символикасында аса маңызды болса, қоңыр түстің ұлттық семиосферадағы орны ерекше екені белгілі. Қоңыр домбыра – қоңыр күй бірлігі рухани тұтастық құрады.

Отырған адамдар әртүрлі жаста, кейбіреулері ұлт тарихындағы белгілі тұлғаларға меңзейді және әрқилы эмоциялық күйге ие. Қартқа ойлылық, даналық күй кешу тән, ер- азаматтардың екеуі де ойлы, қатулы күйге енсе, жас жігітке сүйсіну тән, бірақ ол үлкендердей терең тебіреніс кеше алмауда, себебі ол кейінгі, жас ұрпақтың, рухани тамырдан алыстаған ұрпақтың өкілі болуы мүмкін, ол дәстүрлі түрде малдас құрмай, орындықта отыр. Күйші үлкен рухани жүк арқалап тұрған бейне, автор оны жас адам ретінде береді, оған терең эмоционалдылық тән.

Жалпы ол бүгінгі мен өткенді жалғастырушы, байланыстырушы, медиатор. Оның денесі шағын болғанымен рухы және мәдени функционалдық міндеті зор. Әуен ұрпақты, қазақты біріктіруші фактор түрінде домбыра арқылы берілген.

Бұл жұмыстың мәдени мәні, тереңдігі осында болды. Өткен ғасырдың 1970-1980-ші жылдары ұлттық рухтың қайнар көзін, құндылықтарды жаңғырту арқылы ұлт құндылықтарын еске салғысы келген автор ізденісі осылай шешім тапты. Бұл сол кездегі ресми талаптарға сыймайтын образ беретін көркем туынды деп толықмәнді айта аламыз. Сонысымен ХХ ғасырдың 1970-1980-ші жылдарындағы ұлттық рухты көтеру үшін маңызды еңбек болды дей аламыз. Шығармада абстрактылық жоқ, берер ойы айқын, идеясы да жарқын.

Осы жылдарда М.Нұрлыбаевтің еңбек тақырыбына жазған көркемдік-пластикалық шешімі жағынан қызықты табылған «Нан» (1975) шығармасындағы ең даладағы әйел еңбектері көрінісін сакральдік, яғни қасиетті рәсімдік деңгейге көтереді. Ондағының бәрі байыпты, қастерлі сәттің мағынасына келіп саяды. Сонымен бірге суретшінің «Ашық әлем» (1970)

туындысы кең дүниеге ашылған есіктің бейнесін көрсетеді. Ондағы айқара ашылған есіктен көрінген аспан мен жер, табиғаттың мәңгілік сұлулығын жырлайды. М.Нұрлыбаевтің шығармашылығындағы табиғат, күнделікті тұрмыс-тіршілік көрінісі лирикалық көңіл-күйге толы.

Сол кездегі тосын жұмыстың бірі – А.Нақысбековтың «Күту» атты туындысы деуге болады (1977 ж). Тосын болатыны туынды сол заманның біз айтып өткен қуанышты, жарқын өмір салттарына үндеспейтін бағытта жазылған. Зарыға күту сәтін күңгірт түстермен қоюлата көрсетеді. Әйел бейнесі жұмыстағы жалғыз ашық бейне. Көпбалалы отбасында өскен, батыр ана тағдырын өзінің өмірлік тәжірибесінде білетін суретшіге ана, әйел бейнесі қашанда ыстық, ақ адалдықтың символы.

Шығармада жарық пен көлеңкені салыстыра келе күңгірттіктің басымдылығы айқындалады. Көлеңке бүкіл жұмысқа ерекше ауыр рең беріп тұр. Көлеңке жарықтың антиподы екені белгілі, бұл жерде ол өмірдің, мүмкін махаббаттың антиподы, өмірдің осы жақтарының символы. Туынды атауы әйелдің көңіл-күйін, сезімін беруге арналған. Әйел туралы, әйелдің махаббаты, үміті, сенімі осы жұмыстан анық көрінеді. Еңсені басқан ауырлық тек әйел бейнесінің нық, сенімді тұрысымен ғана орнығады. Осындай ауырлық оны өмірде тек күту үмітімен ғана ұстайтын көрінеді.

Қорыта келгенде біз қысқа ғана шолу жасаған көркем туындылар өзінің авторлық стильдік, сюжеттік, жазу ерекшелігі жағынан әртүрлі еңбектер болып табылады. Ұлттық руханилықты іздеу нәтижесінде туған еңбек, сол кездегі жағдай ғана емес, қазірде өзекті болып келеді.

Сонымен, 1970-1980-ші жылдардағы үкімет қойған талаптарға қарамастан, тұрмыстық жанр бағытындағы жұмыстардан коммунистік романтизмнің орнына «ұлттық мұң», ішкі рухани қарсылықты байқауға болатын еді. Ондай көріністі суретшілердің 1950-1960 жылдардағы қылқалам шеберлерінің ашық, қанық мажорлы түстік шешімдерімен салыстырғанда, осы кезеңдегі күңгірт, бәсең түстік шешімдерден байқаймыз. Сол сияқты осы кезеңдегі жаңа мазмұндық және көркемдік-пластикалық ізденістер көрінісі келер уақыттың ауанын болжағанын айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Юсупова А.К. Живопись Казахстана 1980-1990-х гг.: пути и поиски. – Астана.: Фолиант, 2009. – 152 с.
2. Кобжанова С. Мировые художественные традиции в развитии живописи Казахстана (1930-1980-е годы) автореф. канд. дисс. – А., 2010. – 24 с.
3. Серікқызы Қ. Осы қазақ қай қазақ // Қазақ әдебиеті, №12 (3068). 13 б.
4. Шалабаева Г.К. III 18 Культура: между хаосом и порядком. – Науч. Изд. – Алматы: «СаГа», 2007. – 108 с.
5. Жанабаев Д.М. Бейнелеу өнеріндегі ұлттық құндылықтар Ұлттық идея философиясы: ғылыми мақалалар жинағы. 1-бөлім. – А., 2009. – 351 б.
6. Художники Атырау. Альбом (құраст. Б.С. Телеубайтегі. – Алматы.: Өлке, 1999. – 164 с.

7. Барманқұлова Б. Ақиқатқа еліктіру. Ә.Сыдыхан. // Альбом. З.А.Сыдыханова редакциясымен. – Алматы, 2007. – 199 б.

8. Тоғусбаев Т. Альбом (Автор текста и сост. Р. Джангужин). – Алма-Ата: Өнер. 1990. – 104 с.

9. Ахмедова Н.Р. Живопись Центральной Азии XX века: традиции, самобытность, диалог. – Ташкент, 2004. – 224 с.

Baibossyn Mukhtar

Izhanov Baiconyr

**THE FORMATION OF THE SPIRITUAL WORLD OF YOUNG
PEOPLE THROUGH AN ART GALLERY**

Байбосын М. Қ.

ҚР Суретшілер Одағының мүшесі

Ижанов Б. И.

педагогика ғылыми кандидаты

**КӨРКЕМ ГАЛЕРЕЯ АРҚЫЛЫ ЖАС КӨРЕРЕМЕННІҢ
РУХАНИ ДҮНИЕСІН КЕҢЕЙТУ ЖОЛДАРЫ**

Біріншіден – өнер, екіншіден – бейнелеу өнері, ал үшіншіден – бейнелеу өнерді көрерменмен байланыстыру. Жұртшылықты мәдениетке, өнерге тарту мәселесіне тоқтайық. Көркем галерея – қатып қалған өнер туындыларының ғимараты, тіпті «алтынмен жалатқан» зәулім сарайы десек болады. Ілініп тұрған көркем бейнелер көрерменмен үндескен мәңгілік ортақ диалогта болып жатқан психологиялық синтез деп айтсақ, қателеспеспіз. Мәдени мұра сараптауынан өтіп, бабаларымыздан келе жатқан ұрпақтан ұрпаққа асыл мирас аманатында беріліп отыратын заттық құндылықтың және рухани мәдениеттің маңызды бөлігі болып бәрімізге мәлім.

Солардың барлығы келе-келе мұражай ғимараттарының мәңгі экспонаты ретінде бізге мәдени құндылық болып қалмақ. Қазақ суретшілер өнерін зерттеген өнертанушы Н.А.Полонская былай деді екен: «Адам балалық шағынан қалыптасып өсе бастайды: бұғанасы бекіп, рухани жан дүниесі жетіле береді. Әуел баста аңғырт сезімге толы балалық шақ әсерлері, бірте-бірте байсалдана түседі де, адамның өмір жолын анықтап, мамандық таңдауына ықпал ететіні жиі кездеседі».

Мұражайлардың тарихы ежелден бастау алады. Антика заманында асыл мұралардың барлығы түрлі кесене мен қасиетті сарайлардан орын алған еді. Мәселен, Олимпия қаласындағы Әулие Зевстің мазары немесе Дельф аймағындағы Апполлонның кесенесі. Мұражайлардың нағыз тұрақтануы жана жаңғырту дәуірімен тығыз байланысты. Атап өтсек, XV ғ. Флоренциядағы Лоренцио Медичи жинағы, Дрезден қаласындағы Саксон Августтың XV ғ. жинағы, әрине Ватикан мұражайының қорлары.

Әрмен барсақ, XVI ғ. басында Юлий II Рим папасы Бельведер саябағы бойымен көпшіліктің назарына арналған классикалық мүсіндер орнатуға бұйрық еткен. Алайда сол кезде Бельведерге тек өнерді сүйетін, бағалайтын

зиялы қауымды, атақты суретшілерді, ғалым, философтарды ғана кіргізген болатын. Британ мұражайы Ұлыбританиядағы бас мұражайы ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдегі ғажайып ірі галерея болып саналады. Дәлірек айтқанда, ол 1753 жылы құрылғанмен көрермен үшін 1759 жылы есіктерін ашты. Сол сияқты Франциядағы атақты Лувр тек мұражай ғана емес – Франция тарихының қайнар көзі және мәдениетінің ұлттық мақтанышы болды. Қазіргі Ресей Федерациясында Санкт-Петербург қаласындағы атақты Мемлекеттік Орыс мұражайы – орыс бейнелеу өнерін көрсетуге арналған алғашқы өнер ғимараты 1895 жылы құрылған еді.

Бұл тарихи құндылықтар мен өнер бұйымдарының уникалды қоры. Мұнда туындыларды реставрациялау орталығы және ғылыми-зерттеу институты бар.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы 1976 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясының (1935 жылы қаланған) және Ресубликалық қолданбалы өнер музейінің (1970 жылы қаланған) қоры негізінде ұйымдастырылған. 1984 жылы қаңтарда мұражайға Қазақ ССР Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілді.

ЮНЕСКО-ның шешімімен 2004 жылы Әбілхан Қастеевтің 100 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді. 2004 жылдың 15 қаңтарында Әбілхан Қастеевтің мерейтойлық көрмесінің салтанатты ашылуы болды. Көрме суретшінің бүкіл дерлік шығармаларын қамтыды.

Атап айтар болсақ, 400-ден аса акварельдік және кескіндеме туындылары, фотоқұжаттар, суретшінің жеке заттары, кинохроника музейдің үлкен төрт залдарында қойылды. Сол сияқты, Елордамыздағы Заманауи өнер мұражайы Еліміздің алтын қорындағы ел ауызына іліккен небір қазақ майталман шеберлерінің туындылары көрерменге ұсынылған.

Рухани байлық, рухани дүние дегеніміз не? Бұл сұраққа сөзсіз көптеген жауаптар бар деп ойлаймыз. Сол жауаптардың бірі – қазіргі жаһандану заманында мәдениетті ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа



аманат етіп алып жатқан мұражай. Ал оның ішінде көрме мұражайлары. Есімізде ме, орындалған ерекше құбылыс бір айда бір мәрте сынып жетекшіміз әдеттей мұражайға жетектейтін. Сондай-ақ, әр айда әртүрлі көрмені тамашалап жүретінбіз. Қандай болса да сол көрген экспонаттардан шексіз ләззәт алып, мол пайдалы мәлімет жинап, рухани азығын бойымызға сіндіріп шығатынбыз. Түпкі негізінде көркем шығарма бізге тек ғана позитивтік, салауатты көзқарасты қалыптастырады.



Көркемсурет факультетінің студенттері міндетті түрде галереяда өтетін Вернисаждан басқа күнделікті ағымдағы қойылымдарын тамашалау керек. Бұл не үшін қажет:

- Өнер тарихын жете білу;
- Өнер туындыларын талдау, мінездеме;
- Көрген шығарманың психологиялық моменттерін байқау;

- Шығарманың философиялық мәнін, болмысын түсіну;
- Орындалған әдістерін ажырату және өзіндік жұмыста зерттеген тәсілдерді жете меңгеру;
- Сөйлесу және араласу мәдениеті;
- Көздеген шығармашылық мақсатқа рух беру, шабыт қайнару болу;
- Білім деңгейі мен ой-өрісінің жетілдіруі;
- Өз және басқалардың еңбектерін бағалау;
- Туындыны қандай құралмен орындағанын зерттеу;
- Шығарманың тақырыбы, мазмұны, көңіл-күйі .



Әрине, тәжірибе ретінде, студент көрме залға барған сайын ондағы қойылған түпнұсқаларының көшірмесін орындағаны жөн. Негізінде көшіріп салу оқу-жұмыс бағдарламада тәжірибелік жұмысы шеңберінде қарастырылған. Бұл іс-шара білім алушыларға әрмен дамып өрлеулеріне үлкен ықпалын тигізеді, себебі мұнда ол туындыны көру, байқау арқылы орындаушылық тәсілін тәжірибе жүзінде зерттейді. Тағы айта кететін жай: галереядағы картиналардың безендіруі мен әшекейленуі және жалпы көрме экспозицияларын қалай орналасатынын студенттер назарларына жеткізу. Болашақта, тіпті ертеңгі күні жас суретші өз көрмесін ұйымдастырғанда, мұражайда көрген экспозицияны өз жұмыстарына еңгізуіне болады емес пе?

Қазіргі жаһандану заманында мәдени мекемелерді (театр, кітапхана, көрмелер) аралау – біз үшін үлкен тәлім-тәрбие, үлгі-ұлағат. Электронды, интерактивті әдіспен емес, кәдімгі дәстүрлі түрде бетпе-бет жүздесу арқылы көркем галереяның экспозициясын тамашалап қабылдауымыз қажет.

Галерея аралағанда туындылардың арасында кескіндеме жанрының бірі – портрет жанры жиі кездеседі. Мәселен, Астанадағы «Тұңғыш Президент мұражайы».

Портрет – адамның тұлғасы, өмірі, психологиясы, кейіпкердің ой – өрісі. Көрермен портрет туындының бетпе – бет тұрғанда, шығармадан көп әсер

алады. Араларында бір сұхбат, әңгіме туады. Көрме залындағы портреттік түпнұсқа бізге бір ғажап энергетиконы бойымызға таратады. Галерея залдарын студенттермен аралағанда, мұнда жәй ғана үстімен қарап шығу емес, керісінше көзге түскен шығарманың тақырыбын, мазмұнын оларға терең жеткізу және автордың ой-қиялын, өзіндік қолтаңбасын зерттеу. Пейзаж болса, бұл да адам мен табиғат екеуінің тығыз байланысты екенін білдіреді. Пейзажда көрермен көбінде қосылған түстерін, көрсетілген жарықты, түсірілген көлеңкелерді аңғарады. Ал натюрморт шығармаларына қарап, көрермен оның көрсетілген әсемділігін, шынайлығын, тіпті дәмін де сезе алады. Сондай-ақ, натюрморттың колористтік көңіл-күйін де түйсіне біледі. Көлемді тақырыптық шығармада ол сюжетке қарап, болып жатқан оқиғаны сезінеді. Демек, көркем галереядағы шығармалардың рухани және тәрбиелік зор мәні жатыр

Алайда студенттер арасында сан түрлі сұрақ-сауалдар туу мүмкін, сол себептен мұнда есте сақталған туындыларды пікір-таласқа салу және талдауға мүмкіндік бар. Ал елімізге танымал зерттеуші, музейтанушы Марат Ескендірұлы (Әбдешев) жалпы тұлғаны бейнелеу туралы мынандай пікірін айтқан еді: «Белгілі бір бейнені анықтай отырып өмірлік, кәсіптік бай тәжірибең болумен қатар, көп оқумен, көп тоқумен бірге, зерттеу объектісі болып табылатын бейнеге қатысы бар ғалымның әр саласынан белгілі бір дәрежеде біліктілігің мен бірлігің де болуы қажет.

Міне осындай өмірлік, ғылыми мол негізі бар зерттеуші ғана белгілі бір жетістікке жете алады. Нендей де бір дүниені іздесең, атойлап қойып кетпей нені, қалай, қай жерден іздейтініңді нақты білуің шарт. Бұл жерде жалпы зерттеушілерге ортақ қасиет: бейімділік, табандылық т.с. сияқты талаптардың болуы өзінен-өзі түсінікті аксиома.

Дегенмен де әр ізденістің өзіндік қым-ғуыт бұралаң жолдары болады. Оны қайталап айту артық болмас деп ойлаймын. Себебі, қазіргі нарық заманында құндылықтардың өзгеріске ұшырауы, оған жету жолдары өзгере бастағаны өтірік емес.

Айтпағым, тауқыметі мол, күнделікті тіршілікте шапағаты аз, нағыз ұлтжандылық, ізденімпаздық сара жол орта кезеңде үзіліп қалмай, бұралаңға түспесін деген ой біздікі».

Әр суретші өз туындысын көркем галереяда қойғанын қалайды. Сөзсіз, бұл суретшінің негізгі мақсаты, аңсаған арманы, бойына сіңген бар еңбегінің жемісі. Орындалған көркемдік туынды жарық көргені жөн. Сазгерді, артисті, актерді, бишіні қалай қолпаштап қабылдайды, сол сияқты, суретшіні де, әсіресе оның туындыларын ел-жұрт қошеметтейді. Жас көрерменімізді көркем галереяны көру әдісіне баули отырып, оларды юасқалармен қатар өз туындыларын қоюына итермелеуіміз қажет. Алайда бұл іс-шараға ол дайын болмау мүмкін, сол себептен алдынала студенттік, түрлі ұжымдық көрмелерге қатысқаны жөн: мұнда болашақ өз суретші жұмысының деңгейімен қатар орындаушылық стилін нығайтады. Мәселен, картиналарын қалай және қай жерге ілетінін, этикетажын дұрыс жасау, багеттеу, әйнектерін салу, т.б.

Жалпы көрме залдарын аралау студенттің өзіндік эстетикалық талғамын қалыптастырады, дүниеге деген, әсемділікке деген көзқарасын кеңейтеді, сондай-ақ, рухани дүниесін ашады. Ал портрет жанрына келсек, мұндағы бейнеленген кейіпкерді сезіну, көзқарасын, мимикасын аңғару қасиеттерін білдіргіміз келеді. Түпкі терең сезімін ашсақ, студенттерде мұндағы ойын, мұңын, көңілін айқындау қасиеттері қалыптасады. Жастарды көркемөнерге баулу, байқаушылыққа, ой-өріске, қызық әңгімеге тарту, сондай-ақ, көрме өткізуге дайындау – соның барлығы біз, педагогтар, жетекшілер, кураторлар арнайы пәндер оқытушылар, жалпы қоғам ұйымдастыруымыз қажет. Сонда ғана жас көрерменнің сана-сезімі, бейнелеу өнерге деген көзқарасы, шығарманы қабылдау мәдениеті және көру ерекшелігі асыл дарынға айналып, жүйелік дағды мен психо-аналитикалық талдау болып қалыптасады. Осының барлығы көрерменді әсемділікке, сымбаттылыққа, эстетикаға тартады дегіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. Мастера изобразительного искусства Казахстана: Кенбаев Молдахмет, Альбом. Құраст. Н. Полонская. – Алматы: Өнер, 1983. – 183 бет; суретті
2. Ескендір-Әбдешев М. Қазақ портреттердің тарихы. – Алматы.: Алматыкітап, 2008 – 184 бет; суретті

Baltayev S.B.

THE TECHNIQUES OF IMPLEMENTATION OF NATURAL SCENERIES IN THEATRICAL PAINTING

Балтаев С.Б.

ПРИЕМЫ ВЫПОЛНЕНИЯ ПРИРОДНЫХ ДЕКОРАЦИЙ В ТЕАТРАЛЬНОЙ ЖИВОПИСИ

Одним из наиболее часто встречающихся сюжетов декораций является пейзаж. Поэтому в театральной живописи очень важным моментом для создания сцены спектакля является верное нахождение решения композиции пейзажа. Пейзаж должен быть подчинен идейно-творческим задачам спектакля и раскрывать в наиболее яркой форме замысел автора пьесы. Он может быть не просто красив, но лиричен или мрачен, наполнен экспрессией или статичен.

Пейзаж всегда трудно разрешить на сцене, так как ограниченность сценической коробки приводит к известной условности. Если в интерьере вы можете различные предметы обстановки расставить в трех или двух стенках и тем самым создать иллюзию комнаты, то при изображении пейзажа этих возможностей нет. Настоящую траву, землю, воду и деревья, не говоря о воздушном пространстве, на сцену вы не перенесете, и художник-постановщик только живописными или аппликативными средствами должен найти такой образ природы, такой способ ее показа, который убеждал бы зрителя своей художественной выразительностью.

До середины XIX века театральная декорация, изображавшая пейзаж, решалась довольно стандартно. Сзади помещался писанный задник (иногда с

транспарантом), затем шли ажурные арки и полуарки, изображавшие в большинстве случаев деревья, соединенные кронами. Если по ходу действия требовалось, то на планшет сцены ставили скамейки, пни, написанный на поделке кусочек дома с крыльцом, забор или колодец. Композиция такого решения пейзажа мало чем отличалась одна от другой [1].

В настоящее время художник в театре, решая пейзажную картину, старается уйти от такой композиции и пробует находить какие-то новые способы преодоления пространства сцены.

Довольно распространенным способом, помогающим шире раскрыть сценическую площадку, является использование театрального горизонта (панорамы) или задника с клапанами, которые, как бы окружая сцену, создают возможность обойтись лишь одной-двумя парами кулис и падуг. Такое решение создает впечатление большого открытого пространства. Необходимость закрытия верхних софитов приводит к введению в оформление падуг. Если они не должны изображать лес, то их делают или условно, как сукна общей одежды сцены, или из тюля со «смывом», то есть переходя от одного слоя тюля к четырем-пяти слоям и заканчивая падугу наверху бязью.

В пейзажных картинах большое значение имеет верное определение высоты горизонта. Следует всегда тщательно продумать и определить его, так как слишком высокий горизонт обычно не дает впечатления дали, а как бы падает на зрителя. Самыми убедительными для восприятия бывают плоские или холмистые дали при горизонте от 75 см до 1,5 м от пола, но не выше. Обычно неопытные художники думают, что если они изображают пейзаж, как бы глядя на него с высоты (то есть будто бы планшет сцены изображает возвышенность), то можно писать высокий горизонт, так как с горы мы видим гораздо шире, больше, чем когда стоим на плоской местности. Но это мнение неправильно - горизонты такой высоты для зрителя, сидящего внизу, кажутся падающими [2].

Процесс композиции начинается не с горизонта, а с поисков выразительности картины в целом. Выразительность пейзажа можно найти и системой кулис.

Если картина строится на использовании панорамы, то элементы, которые необходимы по ходу действия (деревья, часть постройки) и находятся в этом пространстве, следует решать просто, художественно. Для такой декорации могут быть использованы станки, бутафорские объемные бугры или сборки, то есть поделки, подрамники с вырезанными из фанеры контурами, затянутыми холстом, на котором написана та или иная деталь декорации. Каждая составная часть пейзажа требует внимания и выдумки.

Хороший, выразительный контур очень нужен в этих деталях, так как силуэт играет важную роль в общей картине пейзажа.

При работе над сборками нельзя допускать, чтобы столяр вырезал контуры различных предметов без указаний художника, так как при этом всегда может допущена неточность рисунка. Правильнее будет, когда художник-постановщик напишет на расположенной на полу детали, а затем


отдаст ее столярам, продолжая следить за тщательностью перевода контура на поверхность.

Одним из основных частей пейзажа является задник живописный фон декорации, который может быть заменен полугоризонтом либо панорамой. Панорамы и горизонты являются элементом декорационного оформления и служат для создания сценического фона. Но, при общности главной задачи, между ними имеются существенные отличия, делящие их на два отдельных вида декорационно-технических устройств.

Панорама - это живописный задник, передвигающийся с одной стороны сцены на другую. Движение задника осуществляется на глазах у зрителей во время действия. Панорама употребляется в тех случаях, когда на сцене необходимо создать иллюзию движения актеров или декораций, находящихся перед ней. Таким образом, панораму можно отнести к категории сценических эффектов.

Горизонт - это чистое полотно, охватывающее сцену с трех сторон. Горизонты служат для обозначения воздуха, обширного пространства. Таким образом, если панорама является декорацией конкретного спектакля, то горизонт применим в любых постановках и является постоянным оборудованием сцены. Также, как и панорамы, горизонты могут передвигаться поперек сцены, но это движение преследует не художественные, а сугубо практические цели - в свернутом виде горизонт лучше предохраняется от загрязнения. Как правило, сцена оборудуется одним горизонтом.

В последнее время намечается тенденция к установке двух полотен. В ночных сценах используется одно полотно белого цвета, а другое из черного бархата. Иногда большое значение играет световое освещение сцены [3]. Играя с освещением можно создать различные эффекты и иллюзии (рисунок 1).



*Рисунок 1.
Сценография
Балтаева С.Б.
Световая живопись.
Оформление сцены
концерта
Казахского
национального
университета
искусств, 2015*

Неверно то мнение, что сценография признает только живопись объемных форм, определенным образом размещенных в сценическом пространстве, необходимым образом освещенных, трансформирующихся.

Сегодня художники театра стремятся в основном к монохромной сценографической живописи. Стремятся избавить живопись от многословия цвета, от раскрашивания, расцвечивания, пестроты. Живопись не должна мешать зрителям воспринимать актера. Она должна помогать актеру в создании определенного эмоционального самочувствия. Живопись призвана помочь зрителям прочувствовать и осмыслить происходящее на сцене. Колористическое решение спектакля должно быть продиктовано пьесой и идеей спектакля. Какую бы самостоятельную ценность ни имела театральная живопись, она покажется ненужной, если ее идейное звучание не подчинено художественной идее спектакля. Например, в постановке государственного



театра оперы и балеты «Астана Опера» используется задник, написанный в виде монохромного сценографического живописного фона декорации (рисунок 2).

«Қазақстан - 2050» Стратегиясының ең басты 7 басымдықтарының бірі – Жаңа қазақстандық патриотизмнің түп қазығы ретінде ел бірлігін басты назарға алынды.

Қазақстан XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс [1]

Әлемнің көптеген мемлекеттері мен халықаралық ұйымдары Қазақстандағы қоғамдық келісімнің ерекше үлгісіне қызығушылық танытып, тәжірибесіне ерекше назар аударуда.

Бүгінгі таңда әлемнің әр бұрышында әртүрлі қақтығыстар орын алып жатқан тұста, біздің еліміздегі келісім мен ынтымақтастық ұйымының атқарған қызметінен оның қажеттілігіне көзің жетеді[2].

Республикамыздағы құрылған Достық үйлерінің рухани және мәдени өзара баюы үшін барлық жағдайлар жасалған және этносаралық келісім алаңына айналып отыр. Достық үйінің алғашқы қарлығаштары 1992 жылы Шығыс Қазақстан облысында өз жұмысын бастады. Ал қазіргі уақытта 10 облыс орталығында Достық үйлері ынтымақтастықтың бесігіне айналса, Астанада оны Бейбітшілік және келісім сарайы өз биігінде атқарып келеді.

Ақмола, Алматы, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарыдағы Қазақстан халық Ассамблеясына қарасты Достық үйлерінің атқарған жұмыстары көпшіліктің көңілінен шығуда.

Павлодар облысындағы Достық үйінде жыл сайын 400-ден аса іс-шара өткізіледі және онда түрлі қызметтік орын жайлармен қатар, дыбыс жазу студиясы, хореография залдары, мультимедиялық бөлмелер, тілдерді оқыту орталығы қажетті жабдықтармен, қажетті мамандармен қамтамасыз етілген.

Қостанайда қазақ тілін үйрететін 9 жексенбілік мектеп жұмыс істейді.

Этносаралық келісімді сақтауға бағытталған ауқымды жобалардың бастамашысы саналатын Шығыс Қазақстан облысындағы Достық үйі этноауыл және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп және облыстық Сәулетэтнография және табиғи ландшафтық музей-қорығымен ынтымақтаса көпке үлгі боларлықтай жұмыстар атқарды.

Алматы облысының Достық үйінде этномәдени бірлестіктер жастарын біріктіретін «Бірлік» жастар қауымдастығы белсене жұмыс істейді.

Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында 2015 жылдың соңына дейін Достық үйлері салынбақ [3].

Ассамблеяның басты қағидаттары мен отбасылық құндылықтары – қоғамдық келісім, этносаралық және конфессияаралық бітім, әл-ауқат пен ұлттық келісім бойға сіңірілетін үлкен де тату-тәті отбасы. Қазақстанның өңірлерінде ҚХА жанында отбасылық тағаттылық мәселері бойынша 210 аналар кеңесі жұмыс істеуде. Олар барлық деңгейде - облыстық, аудандық, селолық, мемлекеттік, жеке кәсіпорындар жанынан ашылған.

Облыстық кеңестерде 335 мүше кіреді, олардың басым бөлігі этномәдени бірлестіктердің басшылары, үкіметтік емес секторлар, мәдениет және білім беру саласы мекемелерінің өкілдері, әйелдердің қоғамдық ұйымдарының белсенділері. Мысалы, Аналар кеңесінің белсенді қызметінің және АХАЖ бөлімдерімен жақсы қарым-қатынас жасаудың арқасында Талдықорғанда ажырасуға өтініш берген 8 отбасын сақтап қалудың орайы келген. 2008 жылы Алматыда балалары бар, қиын жағдайларға тап болған, отбасында зорлық - зомбылыққа ұшыраған әйелдер паналайтын үйлер ашылды. Аналар кеңестерінің көмегімен 11 отбасының психологиялық және қаржылық мәселелері шешілді, 20 аса балалы әйел Пана үйінен көмек алды [4].

Мемлекет басшысы «Мерейлі отбасы» алғашқы жалпы ұлттық байқауына қатынасушылармен және жеңімпаздармен кездесті. Оған 15 этностың және 34 интернационалист отбасыларының өкілдері белсене араласты. Форумда басымдық ретінде 3 басымдықты - ол ананың рухани және тәрбиешілік рөлі, отбасының құндылық негіздері, дау-жанжалды болдырмай алдын алудағы ананың рөліне назар аударды. Форумда 2 күн бойы Ассамблея тәжірибе бөлісіп, Аналар кеңесі қызметіндегі жаңа бағыттар айқындалды.

Аналар кеңестерінің жұмыстары Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында жақсы жолға қойылған. Мұнда ұлттық тәрбие бойынша кітаптар шығарылады. Оңтүстік Қазақстан Ассамблеясы Ғылыми сараптаматамалаық тобының жетекшісі А.Қалыбекованың «Қазақ халық тәрбиесінің мұрасы» атты кітабы үш тілде жарық көрді, шет елдерге де таралуда.

Шығыс Қазақстанда оқушылар мен студенттер дәстүрлі халық кәсіпшілігіне үйреніп, елін сүюге, дәстүрін құрметтеуге тәрбиленуде.

«Астана - Бәйтерек» әйелдер клубы мен ҚХА – мен бірлесе отырып «Болашақ үшін зерде» жобасы бойынша қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған іс-шаралар ұйымдастыруда. Қуғын сүргін жылдарында 20 мыңнан астам әйел этаппен өтіп, 8 мыңы сотталу мерзімін толық өтеген. «Алжир» лагерінде 62 ұлттың әйелдері болған. Олар кеңестік кезеңдегі қоғам, мемлекет, саяси қайраткерлерінің әйелдері. Атап айтсақ Тұрар Рысқұловтың анасы Арипа, әйелі Әзиза, Т.Жүргеновтың әйелі Дәмеш Жүргенова, Рәбиға Аспандиярова, Гүлжамал Майлина, Гуляндам Ходжанова, жазушы Галина Серебрякова, Мая Плисецкая т.б. Өткенді еске алу, ата-бабаларымыздың ерлігін сезініп, келешек ұрпаққа жеткізудің тәрбиелік мәні зор.

Қостанай облысында ҚХА аналар кеңесі мен табысты әкелер бірлесе отырып өз бетімен кеткен балаларға педагогикалық көмектер көрсетуде.

Бүгінде этностардың шағын топтары тұратын жерлерде аналар кеңестері жұмыстарына айрықша маңыз беріледі. Басты мақсат - топтасу, мәдениеттердің өзара біте қайнасуы. Біздер қатар өмір сүретін этностардың мәдениеттері мен салттарын білу арқылы байи тусуге тиістіміз. Бірақ бөлектенуге еш болмайды – ол ешқайда апармайтын жол.

Біздің Президентіміз әр отбасы тарихы - ол Қазақстан өмірінің Үлкен Энциклопедиясы екенін атап өтті. Жалпы алғанда, біздің еліміз – ол бәріміз отбасы болып тұрып жатқан үлкен Бейбітшілік пен Келісімнің үйі.

«Мыңжылдықтар мен ғасырлар арқылы, ұрпақтан - ұрпаққа отбасы әр қоғамның өнегелік салттарының, ұлттық дәстүрлерінің сақтаушысы болып табылады», - деп атап көрсетті Мемлекет басшысы байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде.

Ана бала санасына қандай өнегелік құндылықтарды тәрбиелесе, мемлекет болашағы да соған байланысты.

Аналар кеңесінің алдында мынандай міндеттер тұр: бала тәрбиелеуде атананың жауапкершілігін арттыру, табысты отбасылар тәжірибесін тарату, әйелдер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, қиын жеткіншектерге және ата-анасының көмегінсіз қалғандарға көмек көрсету.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Сәкен Сейфуллин атындағы агратехникалық университетінде, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары ашылды. Жаңа кафедраларда жастар мен студенттер Қазақстанды өздерінің Отаны деп білетін еліміздегі барлық ұлт өкілдерінің тілі мен дінін үйренуге ден қоймақ. Сонымен бірге, олардың этномәдени ерекшеліктерін де рухани қажеттілігіне жаратпақ.

Парламент мәжлісіндегі «Қазақстан халқы Ассамблеясы» депутаттық тобы кезекті отырысын Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі «Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасында» өткізді. Отырыста «Н.Ә.Назарбаев – Қазақстан республикасының негізін қалаушы, бас реформатор және тұрақтылық кепілі; «Қазақстан халқы Ассамблеясының кәсіпкерлер қауымдастығы, оның әлеуметтік бағыты»; «Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы қоғамдық келісім кеңесінің және Аналар кеңесінің қызметі жайлы» деген тақырыптар бойынша талқылаулар жасалды[5].

Бұл ТМД мен алыс шетелдердің жоғарғы оқу кеңістігі үшін де үлкен өнеге болғаны анық. Мұндағы басты мақсат этносаралық және дінаралық түсінікті одан әрі тереңдету. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасында 39 этнос өкілі бар. Оның ішінде 23 адам тікелей ұстаздық пен оқытушылық қызмет атқарады. Олардың арасында тәжірибелі профессорлар да, жас мамандар да бар [6].

ҚХА жанындағы Этносаралық қатынастар мәселелер жөніндегі журналистер мен сарапшылар клубының мүшелері өткізген брифингте жаңартылған сайтты таныстырды. Қазақстан халық Ассамблеясының ресми интернет ресурсы assemblu.kz домені атауымен орналасқан. Портал үш тілде - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қызмет істейді. Интернет портал ҚХА-ның 16 өңірлік бөлімінің біргеі тұғырнамасы қызметін атқарады. Сонымен қатар, ҚХА-ның және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің бөлімдері ашылған.

Журналистер мен сарапшылар клубы кеңес беру – сараптамалық алаң болып табылады. Бұл клубтың құрамында республикалық және өңірлік БАҚ-тардың этносаралық тақырыптарға жазатын 22 журналист пен этносаралық қатынастар саласындағы сарапшы бар. Клубтың міндеттері толераттылықты нығайту, елімізде этносаралық келісімді, патриотизм мен рухани-мәдени бірігейлікті сақтау, журналистік этика қағидаттарын бұзбау. Клубтың ұйтқы болуымен өткен жылы қарашада Астанада ҚХА-ның 1-халықаралық медиафорумы ұйымдастырылды. Оған жиырмадан астам алыс-жақын шетелдерден де журналистар қатынасты. Ассамблеяның «Аңсар» әдеби конкурсы және этножурналистика саласында «Шаңырақ» байқауы жыл сайын өткізіліп келеді[7].

Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының нәтижесі орасан зор. Ол туралы Елбасымыз отандық жетекші телеарналардың өкілдерімен сұхбатында: «1994-1995 жылдары Қазақстаннан жаппай кету үрдісі болған еді. Қазір адамдар қайтып келіп жатыр. Ассамблея бүгін өмірімізге берік енді, өзімізді онсыз елестете алмаймыз. Ол этностың азшылығын ғана емес, бүкіл қазақстандықтарды біріктіреді. Біз сол арқылы түрлі мәселелерді талқылап, халықтың мұң-мұқтажын біліп отырамыз. Сондықтан Ассамблея мемлекеттің маңызды органы болып саналады. Ол - Қазақстанның тұрақтылығының айшықты атрибуты», - деп атап көрсетті [8]

Мемлекет басшысының жарлығымен 2015 жыл - Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы және Ұлы Жеңістің 70 жылдығы да атап өтіледі. Соған байланысты Елбасының жарлығымен Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия төрағасы Мемлекеттік хатшы Гүлшара Абдыкалыкованың басшылығымен 25 желтоқсанда комиссияның отырысы өтті. Осы отырыста ҚХА-ның 15 жылдығын өткізу жайлы даярланған тұжырымдамамен ҚХА төрағаның орынбасары Ералы Тоғжанов таныстырды. Ассамблея жылы дегеніміз – Ассамблеяның жеке мерекесі емес, бұл Тәуелсіз Қазақстанның бейбітшілік және келісім саясатының жылы; халқымыздың жарасымды ынтымағы мен берекелі бірлігінің арқасында қол жеткен жемістер жылы; халықтың даналығына негізделген Нұрсұлтан Назарбаевтың келісім моделінің жылы; бірлігі баршамыздың бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтатын Тәуелсіздіктің ұлы рухы асқақтайтын жыл, деді ол.

Сонымен қатар, ол Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ата заңымыздың 20 жылыдығы, Ұлы Жеңістің 20 жылдығы меройтойларын атап өтетін жыл, деді. Ел басы Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы – Мәңгілік ел деп жариялады. Ассамблея жылының басты идея да «Менің елім – Мәңгілік ел» деген ұғымға негізделген. Бұл идея біздің халқымызды біріктіретін және «Қазақстан- 2050», «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында көрсетілген басты құндылықтарды негізге алады, - деді Е.Тоғжанов [9].

Тұжырымдамада Ассамблеяның негізгі мақсаты – Қазақстан халқының бірлігін нығайту, қоғамды Мемлекет басшысының бейбітшілік пен келісім саясаты аясына шоғырландыру деп жазылған.

Қазақстан халқы Ассамблеясы барлық өткізіліп жатқан іс-шаралардың бастамашы және ұйтқысына айналды. Оған дәлел осы мақаламызда айтылып өткен Достық үйлерінің, Аналар кеңесінің қызметі және «Мерейлі отбасы» жалпы ұлттық байқауының өткізілуі, «Болашақ үшін зерде» жобасының іске асырылуы. Атқарылған іс-шаралардың барлығы Ассамблеяның сайты арқылы көпшілікке жариялануда.

Әдебиеттер:

- 1.Назарбаев. Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана. 2013
- 2.Бишимбаев У. Мұратымыз - Мәңгілік ел. //Егемен Қазақстан.16 желтоқсан 2014
- 3.Төлеханқызы А. Дос пейілді Достық үйлері. //Егемен Қазақстан. 21қараша 2014
- 4.Саяпова З. Ана жүрегі. // Егемен Қазақстан. 25 қараша. 2014
- 5.Тұрапбайұлы Асқар. Ассамблея кафедрасындағы пікір алмасу. //Егемен Қазақстан. 11 желтоқсан 2014
- 6.Құсайын Т. Кафедра атауы - Қазақстан халқы Ассамблеясы. //Егемен Қазақстан. 3 желтоқсан 2014
- 7.Құланбай Ә. Этносаралық ынтымақтастықты нығайту жолында. //Егемен Қазақстан. 10 желтоқсан 2014
- 8.Назарбаев. Н.Ә. Тәуелсіздікті алудан оны сақтап қалу қиын. //Егемен Қазақстан. 23 желтоқсан 2014
- 9.Самрат Ж. Ассамблея жылы – қазақстандықтарды тұтастандыра түсу жылы. //Егемен Қазақстан. 25 желтоқсан 2014

Shestakova Irina
**GRAPHICAL STYLISTICS
IN THE CINEMATOGRAPHY
OF V. M. SHUKSHIN**

Шестакова И.В.

кандидат культурологии

Алтайский государственный университет

**ИЗОБРАЗИТЕЛЬНАЯ СТИЛИСТИКА
В ФИЛЬМАХ В.М. ШУКШИНА**

В.М. Шукшин был одним из тех талантливых людей, плеяду которых породило время «оттепели». Он вошел в отечественное искусство сразу в «трех лицах»: как писатель, открывший галерею разнообразных деревенских характеров; как актер, великолепно сыгравший в кино более двадцати ролей; как режиссер, создавший пять полнометражных фильмов, ставших классикой отечественного кинематографа.

В работах Ю.П. Тюрина, В.И. Фомина, С.М. Козловой [2, 3, 1] литературное и кинематографическое наследие В.М. Шукшина рассматривалось взаимосвязанно, что давало представление о целостности творческой личности художника, о единстве и своеобразии его художественного мира. В отношении к его многогранному творчеству видится плодотворным междисциплинарный подход, позволяющий исследовать фильмы как сложное интермедialное единство слова и изображения.

В раннем шукшиноведении сложилось устойчивое представление о В.М. Шукшине как режиссере «стихийном», «интуитивном» художнике-примитивисте, «не владевшим и не стремившимся овладеть новейшими средствами киноязыка» [4,98]. Однако исследование его кинолент показывает, насколько тщательно выстроена их архитектура, насколько богат их изобразительный ряд, насколько открыта режиссура к эстетическим идеям новейших течений западного и отечественного искусства.

Константными в стилистике картин В.М. Шукшина являются три типа изобразительных комплексов: деревенский, городской и «дорожный». Первый составляют картины природы, сельского социума, интерьеры и экстерьеры изб, дворовых построек (баня, сарай), домашние животные (коровы, лошади, кошки). Городской мир представляют короткие фрагменты уличных экстерьеров, как правило, без перспективы, вокзалов, парков, интерьеры квартир. Общероссийский, или «дорожный» кластер разворачивает логику сюжета путешествия, включая образы транспортных средств, – мчащиеся автомобили, поезд, катер, сменяющиеся панорамы и фрагменты российских ландшафтов, поселений, станций.

Для первого типа изобразительного комплекса характерна статика, замедленность движения камеры, «длинные» кадры, в чем выражается, с одной стороны, онтологическая концепция укорененности, устойчивости,

целесообразности деревенского бытия, с другой стороны, – авторская стратегия запечатления всех вещественных подробностей уходящей эпохи деревенской цивилизации, национальной русской культуры.

В своих фильмах В.М. Шукшин воспроизводит сюжетику писателей-«деревенщиков», вводит мотивы дома, родства, семьи. Он отказывается от прямого натурального изображения трудностей в жизни современного села. Деревенский мир предстает у режиссера как «крестьянский космос» со своим бытом и бытием. Его герои выступают в своей геоэкзистенциальной сущности, то есть как «люди места», определенного Богом и судьбой их рода.

Центральным компонентом изобразительного ряда кинолент В.М. Шукшина является деревенский дом, воспроизводимый на экране, как правило, в натуральных съемках. Режиссер особенно внимателен к фактуре строительного материала. Камера скрупулезно ощупывает теплую, прочную, отполированную временем поверхность ровных круглых бревен, из которых сложена русская изба.

В выборе природы режиссер от фильма к фильму развертывает ретроспективу истории деревенского домостроения. В картине «Живет такой парень» – это советский новострой 1960-х годов: крепкие пятистенки с четырехскатными крышами, просторными светлыми комнатами, свободно выстроившиеся вдоль Чуйского тракта. В киноновелле о Степке («Ваш сын и брат») – это тесно скупившиеся у реки бедные избенки довоенной постройки, двускатные, крытые тесом крыши, низкие над завалинками окна, покосившиеся заборы, тесные, застроенные сарайчиками, заполненные домашней живностью дворы. Но эта теснота служит у Шукшина выражением сплоченности деревенского мира, общинности, родственной близости сельских людей, переживших беды сурового времени. В новелле об Игнате («Ваш сын и брат») дом Воеводиных, воплощая идею семейного родового центра «деревенского космоса», стоит отдельно, на возвышении, открытый в просторы природы, в даль дороги, обещающей обновление, возрождение.

В «Странных людях» образ деревенского дома в изобразительном плане функционирует неопределенно, словно играя своими скрытыми архитектурными значениями. Так, в новелле «Братка» фасад деревенского мира (улица, дом) уходит из поля зрения, открывая пространство потаенное, всегда исполненное у В.М. Шукшина как в прозе, так и в фильмах, символического, почти мистического смысла: баня, колодец.

Во второй новелле «Роковой выстрел» дом как материальный объект оказывается на периферии зримого пространства, уступая место природному ландшафту как пространству духовного действия шукшинского героя. Вознесение духа Броньки Пупкова над суетой мира сего отражает композиция кадра, в планах которого дом предстает в отдалении ущербным, с дырявой крышей, заброшенным хозяином.

Этот мотив находит свое продолжение в новелле «Думы», где образ дома Кольки, искусного резчика по дереву, одержимого творческим духом, погружает в более далекую историческую эпоху деревенского домостроения,

приближающуюся к своему закату. Большой родовой дом, построенный, казалось, на века для многолюдной крестьянской семьи, осиротел без хозяина, одряхлел, выставив на показ страшный скелет деревянной крыши. Былую его крепость, уют, тепло призван наполнить дом председателя колхоза Матвея Рязанцева, пытающегося вернуть Кольку на путь хозяйского попечения об отеческом доме, старухе-матери.

В фильме «Печки-лавочки» дом является символом родового «гнезда», а домашний уклад – воплощением традиций и важнейших ценностей национальной жизни. А в цветной ленте «Калина красная» маленький домик матери Егора Прокудина с двускатной тесаной крышей, с высокими чистыми окошечками в нарядных голубых ставенках возникает как забытая детская сказка, и только горький рассказ одинокой старой хозяйки говорит о тяготах, пережитых этим домом.

Как в первых фильмах начинающего режиссера на уровне изобразительного ряда теме бездомности противостоит детально «прописанная» домовитость русского человека, так и во всех последующих кинолентах тоска героев, оторвавшихся от родного корня, проявлена в визуальных образах деревенского дома, подворья, бани, в характерном для В.М. Шукшина крупном плане материального субстрата бытовых объектов, создающих осязаемое ощущение тепла бревенчатого дома, беленой стены печи.

Его внимание обращено к деталям убранства русского дома (вышивка, кружева, тканые ковры), архитектурных украшений (резные наличники, узор оберега, балясины веранды). Предметы, декорации, киносреда, играя одну из ключевых ролей в кинолентах, создают документальную достоверность, особенно ценную в сохранении и развитии народной национальной культуры. Киновед Ю.П. Тюрин, комментируя фильм «Печки-лавочки», отмечает: «Шукшин сумел объединить движение души героя с подробностями быта родной ему алтайской деревни. <...>. Подробности быта здесь проливают дополнительный свет на психологические портреты героев, намагничивают силовое поле шукшинских фильмов» [2, 191]

Начиная с первой полнометражной картины «Живет такой парень» и до последнего фильма в изобразительный ряд входит сначала робко, а потом занимает все более прочное место образ русского храма. В первой киноленте «Живет такой парень» этот мотив дается только намеком – в отдельных фоновых элементах бывшей церкви: низкие полукруглые своды, узорчатая створка двери.

Но и в такой скрытой форме он служит знаком и первого высокого движения души главного героя (Пашка Колокольников под этими церковными сводами влюбляется в Настю), в то время как кощунственное действие – демонстрация мод в клубе-церкви – знаменует и его первый душевный кризис. В «Думах» («Странные люди») и особенно в «Калине красной» функция храмого мотива как изобразительного средства психологической интроспекции главного героя усиливается. В тоже время образ разрушенной, покинутой

церкви выступает как артефакт исторической памяти, национальной духовной культуры России, ожидающей своего возрождения.

Пейзаж в фильмах В.М. Шукшина является обязательной и достаточно объемной частью деревенского изобразительного комплекса. Это, как правило, натурные съемки в окрестностях сел Алтайского края и средней полосы европейской России. В киноленте «Живет такой парень» дается широкое панорамное обозрение с точки зрения автора, включающего в пейзаж героя, выстраивающего внешний образно-психологический параллелизм, акцентирующего экзотику родного края.

В пейзажах последующих киноработ («Ваш сын и брат», «Печки-лавочки») преобладает точка зрения героя; гармония природы, быта, человека выражает онтологические основы деревенского мира. В «Странных людях» пейзаж не занимает много места и обнаруживает тенденцию к символизации изобразительного ряда, которая усиливается в «Печках-лавочках». Предметно-образная красота внешнего мира, изображение алтайской природы с ее горами, реками, покосами, березовыми рощами, распаханное пространство его картин выражают момент единения со временем, восприятие истории как единой живой ткани.

Пейзаж в его последней ленте «Калина красная», приобретая полноту и объемность, многофункционален: в воссоздании российского национального колорита В.М. Шукшин заменяет экспрессию горных и катунских ландшафтов своеобразным импрессионизмом, поддержанным аллюзиями русской живописи рубежа XIX – XX веков, символикой и психологизмом в раскрытии противоречивого характера и трагической судьбы главного героя.

Городской кластер изобразительного ряда кинематографа В.М. Шукшина отражают неоромантические концепции деревенской литературы, согласно которым городская цивилизация лишает человека свободы, естественного образа жизни, гармонии с миром, погружая его в морок суеты, одиночества, порока. Не случайно у него возвращение героя в деревню из тюрьмы (Степка Воеводин, Егор Прокудин) приравнено к возвращению из города (Игнат Воеводин, Иван Расторгуев).

Вернувшийся герой захвачен переживаниями открывающегося перед ним простора, воздуха, мощи и красоты природных стихий (река, горы, лес), тепла и уюта родного дома. В изображении Москвы камера намеренно избегает столичных достопримечательностей (Кремль, Красная площадь, метро), архитектурных изысков аристократической старины или помпезного сталинского классицизма. В поле зрения – типовые серые многоэтажки, стесняющие жизненное пространство человека, шумное столпотворение торговых залов ГУМа («Печки-лавочки»), поток однообразных равнодушных лиц или уличной толпы («Ваш сын и брат»).

В интерьерах городских квартир, загроможденных антиквариатом (квартира профессора в «Печках-лавочках») или старательно обставленных стандартной мебелью западной моды (новеллы о Максиме и Игнате в картине «Ваш сын и брат»), подчеркнута дисфункциональность, нецелесообразность

домашнего пространства, лишаящие человека свободы и непринужденности интимного обитания.

«Дорожный» комплекс изобразительного ряда в фильмах В.М. Шукшина эволюционирует от хронотопа дороги как пространства-времени судьбы героя, обусловленной внешними обстоятельствами, – встречи, разлуки, испытания, подвиг, развертывающими сюжет инициации («Живет такой парень», «Ваш сын и брат», новелла «Братка» из фильма «Странные люди»), к пространству-времени внутренней духовной перестройки («Печки-лавочки», «Калина красная»).

Соответственно изобразительный план первых киноработ открыт во внешний природный, предметный мир, «дорожный» хронотоп насыщен сменяющимися пейзажами, ландшафтами, картинами сельской или городской жизни. Тогда как в более поздней киноленте «Печки-лавочки» в плане изображения доминирует камерное, закрытое пространство (купе вагона). Камера сосредоточена на лицах как главных героев, отдельных персонажей, так и эпизодических действующих лиц и массовки (обозреваемая из окна вагона толпа на перроне), анализируя характеры, запечатлевая национальный тип русского человека.

В «Калине красной» В.М. Шукшин осуществляет оригинальный синтез внешнего предметного ряда и эмоционально-психологической выразительности актера за счет того, что все пейзажи, сельские или городские экстерьеры, сопровождающие путь героя, служат изобразительными интроспекциями его духовной эволюции. «Дорожный» визуальный комплекс, кроме того, призван к воссозданию обобщающего шукшинского образа России, его концепции национального культурного, духовного единства деревни и города, центра и периферии, природы и человека, идеи ценности необозримых российских просторов и судьбы каждого русского человека.

На основе проведенного исследования можно утверждать, что В.М. Шукшин, опираясь на достижения мирового искусства, целенаправленно создает в своем творчестве универсальный образ мира. Для этой цели он последовательно разрабатывает вполне оригинальную систему изобразительных решений. Многократно появляющиеся на экране предметные образы, детали деревенского и городского интерьера, через выявление дополнительных смыслов которых мы приближаемся к авторскому воссозданию семантики архетипов, лежат в основе формирования духовного мира человека.

Литература:

1. Козлова С.М. Поэтика рассказов В. М. Шукшина – Барнаул: Изд-во АГУ, 1992. 184 с.
2. Тюрин Ю. П. Кинематограф Василия Шукшина. – М.: Искусство, 1984. 319 с.
3. Фомин В.И. Пересечение параллельных – М: Искусство, 1976. 360 с.
4. Юрнев Р.Н. Талант обещает многое // Искусство кино, 1973. – № 12. – С. 97-103.

VI СЕКЦИЯ . VI SECTION.
КИНО, ТВ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ
CINEMA, TV AND MASS CULTURE
КИНО, ТВ И МАССОВАЯ КУЛЬТУРА

*Aidarova Minuar
Nogerbek Baurjan*

**TRADITIONAL AND MODERN SOCIETY IN KAZAKH CINEMA
(«TRACKS LEAVE OVER-THE-HORIZON», «KEEP THE STAR»)**

*Айдарова Минуар
Нөгербек Б.Р.,*

өнертану кандидаты

**ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ МОДЕРН ҚОҒАМНЫҢ КЕҢЕСТІК
ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ
(«ТҰЛПАРДЫҢ ІЗІМЕН», «ГАУҒАРТАС»
ФИЛЬМДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

Қазақ кино өнерінің өткен тарихына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, әр кезеңде жарық көрген киношығармаларда ауыл мен қала тақырыбына түсірілген фильмдер заман талабына сай дәстүрлі және заманауи қоғамның көріністерін береді. Қоғам өмір сүретін орта бейнесі көрініс тапқан фильмдерде қандай идеологиялық әсер орын алса да, қоғам өмірінің артықшылық тұстары мен кемшіліктерін көрушіге хабардар етеді. Фильмдер қоғам өміріндегі саяси, рухани, әлеуметтік өзгерістер мен мәселелердің көрінісін айшықтап отырады. Сараптама жүргізе отырып, суреткердің шығармашылығының арқасында саяси қыспақтың қай уақытта қандай деңгейде орын алғанын да біле аламыз.

Кеңестік кезеңде қазақ киносының ең жемісті шақтары деп алпысыншы, жетпісінші жылдарды айта аламыз. Ол кезеңдерде тоталитарлы емес фильмдер дүниеге келді. Ұлттық кинорежиссурамыз қалыптаса бастады, ең көрнекті өкілдері ретінде Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтан Қожықов, Абдолла Қарсақбаевтарды атауымызға болады. Бір топ кинорежиссерлармен қоса қазақ киносына жазушылар келді. ««Тоталитарлы емес» кинокартиналардың пайда болуы, киноға келген Олжас Сүлейменов, Әкім Тарази, Қалихан Исаков сынды жас дарынды жазушылар мен драматургтер есімімен байланысты» [1, 202].

«1960-шы және 1970-ші жылдардың бас кезіндегі қазақ кинодраматургиясы мен кинорежиссурасын қоғам өмірінің өзгерісті сәтіндегі тұлғаның драмасы мен трагедиясының көрінісіне, орталық қаһарманға тікелей бағдарланған деп сипаттауға болады. ... Бұл көркемсуретті кинокартиналардың философиялық астары кеңес киноавангардына тән пафостан тазартылған: тарихты адам жасамайды, өз тағдырында мемлекет тағдырын, оның тарихи қалыптасу шағын айнадай суреттейтін тұлғаларды уақыт өзі туады» [1, 221-222]. Әкім Таразидың «Жауһаз» сценаріі бойынша режиссеры Мәжит Бегалинның психологиялық драма жанрында түсірілген «Тұлпардың ізімен» (1964) кинокартинасы жеке адамдық моральдық құндылықтарға назар

аударады. Тақырыпты ашуда кино тілін жаңаша қолдану арқылы қазақ кинематографында қазақ халқына тән ұлттық ерекшеліктердің көрініс табуына мүмкіндік туды. Қазақ киносының көптеген фильмдеріне тән «кеше мен бүгіннің», дәстүрлі қабылдаулар мен модерн қабылдаулардың тартысы бұл фильмде де қозғалады.

Бауыржан Нөгербек өзінің «Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино» кітабында: «Кинокартинада режиссер Мәжит Бегалин мен оператор Асхат Ашрапов жаңа «тоталитарлы емес» киноэстетиканы қолдана отырып, адамның адамгершілік-этикалық өзін ұстау қағидаларын қоршаған ортаның мәңгі заңдарына байланысты және бағынышты жағдайындағы, адам мен табиғаттың бірлестігі жайында поэтикалық туынды жасады. Адам басқа адамды сұрапыл боранда жәрдемсіз қалдыруға құқығы жоқ, ол даланың тұрмыстық заңына да, сонымен қатар табиғат заңына, махаббат заңына да қарсы» [1, 203-204], - деп жазды.

Дала заңы қала заңынан әлдеқайда өзгеше. Қалада мықтының, жеке тұлғаның аман қалуы үшін барлық әрекеттермен күреске түсуі сыналмайтын іс, ал далада тек қана жұмыла, адамның күні адаммен деген қағида арқылы ғана тіршілік ету жарайды. Көпті көрген қариялар сол заңмен туып, сол заңмен өмір кешкен, қандарына сіңірген. Табиғаттың ыстығы мен суығына төзіп, көніп, жан тәнімен етене жақындасудың арқасында ғана ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып отырған бұл кәсіп иелері өздерінің сабырлықтарымен, даналықтарымен дәстүрін үзбей, адами келбетін сақтауда. Қазақ халқының дәстүрлі түсінігіндегі құндылықтардың, соның ішінде адам қарым-қатынасы, адамгершілік, үлкен мен кішінің өзін ұстаулары, қоршаған орта мен табиғаттың адам өміріне әсері, заман талабына сай заманауи өмір тақырыптарын қозғайды.

Фильмнің негізгі характерлері шопан (Кәукен Кенжетаев), оның бәйбішесі (Хадиша Бөкеева), ұлы Тұрар (Асанәлі Әшімов), келіні Жауһаз (Фарида Шарипова) және Танабай (Қуатбай Абдраимов). Фильмде алға тартылған кейіпкерлер сол кезеңге тән большевиктік туын жоғары көтеріп, өз көзқарастарын сайыс пен тартыс арқылы орнататын кейіпкерлерден емес, олар күнделікті қалыптасқан бір тіршілікте өмір сүретін шопан отбасысы. Кейіпкерлер арасында тартыс жасырын түрде, ішкі толғаныстар арқылы өтеді. Олар бір-бірімен қас қабақтары арқылы тілдеседі. Дастрахан басында отбасы мүшелері артық әңгіме айтпай, ызғарлы қыстың ауа-райымен бірге кейіпкерлердің де мінездері мен өмір сүру салты қатаңдағандай.

Бұл отбасының өміріне Танабай кіргенге дейін күндері қарапайым, тек қана мал мен тіршіліктің қамы болатын. Кеңестік идеологияға байланысты тұнып жатқан дәстүрлі ортаға модернистік кейіпкерді араластыру заңды-ақ құбылыс. Танабай білімді, заманауи, мінсіз, қазіргі заман тілімен сөйлейтін техникадан хабары бар, еркін, жас жігіт. Жан дүниесінің қажеттіліктеріне қарай батыл шешім қабылдап, қарсы тұрған кейіпкер ол – Жауһаз.

Болмысы тұнған нәзіктік пен жұмсақтықтан тұратын кейіпкер, дәстүрлі ата мен апаны сыйлау, жаңа отбасындағы орнын түсіну тәрізді жөн

жоралғыларды бар жанымен орындайды. Шешім қабылдаған сәтінде тек сол екі көптікөрген қарияларды ғана қимайды.

Ал Тұрар бейнесі өз бойына немқұрайлықты, қатыгездікті, су жүректікті қабылдаған. Ол сырттай ата ізін жалғастырушы болғанымен, жан тәнінде бар дәстүрлі болмысынан айырылған. Фильмнің бас кезінің өзінен оның атаның сара жолынан бөлек, жайлы, ыңғайлы өмірді қалайтынын түсінеміз. Авторлар осы бір кейіпкердің бойындағы адам болмысында кездесетін жаман қасиеттерді сынайды, сол арқылы автордың позициясы көрерменге де әсер етпей қоймайды.

Танабай модерн қоғамның жақсы қырлары: технологиялар жетістігін, білімділікті бойына қабылдаса, ал Тұрарды модерннің екінші, дәстүрлі тұрмысты жойқындайтын жағынан көреміз. Бұл екі кейіпкер жинақталған болып табылады. Жауһаз Тұрардың қаталдығына, адами қасиеттерінің төмендігіне шыдай алмайды. Өзін тек жақсы қырынан көрсете білген Танабайға ғашық болып, соның артынан кетуді шешеді. Авторлардың кейіпкерге ұсынған бұл шешімін, қоғамда орнаған модерн қабылдаулардың тек жағымды, пайдалы, халықтың өркендеуіне тиімді жағын қабылдауды ұсынады.

Жауһаз үйінен кеткенде Тұрар оны іздестіріп, атасы мен анасынан келіп сұрайды. Келінінің ол қадамын емес, кінәні ұлдарынан көріп отырған олар: «Балам, әйел сенікі емес пе?», - деп жауап қайырады. Бұл ата мен ананың бір сәтте ұлына деген көңілдерінің толмағандығынан жүрек қысылысы, қиналысы, сонымен қатар жас Жауһаздың нәзік, сезімтал жанын түсінулері, қабылдауы. Ол да бір жағынан Тұрар бейнесінде келтіріліп жатқан қоғамда орын тепкен жойқын күшті, дәстүрлі түсінік жағынан сыналуы. Ата мен ананың бір ауыз сөзі мағыналы әрі салмақты.

«Очерки истории казахского кино» кітабында Раушан Ғазизқызы: «Кәукен Кенжетаев әке бейнесін сомдауда, оның негізгі қыры – ұстамдылыққа айрықша мән береді. Ұзақ сағаттар, күндер, жылдар бойы шопанның өмірі далада өтеді. Жалғыздық адамның мінезін қалыптастырады, адамдармен қатынаста әбігерлікке салынбай, ұстамды болуын үйретеді» [2, 158] -, дейді.

Осындай шопандар өмірінен сыр шертетін фильмдердің қатарына Шәріп Бейсембаевтың «Гауһартас» (1975) фильмін атауымызға болады. Сценарий авторы Дулат Исабеков. Бұл киношығарма тұнып тұрған кеше мен бүгіннің, дәстүрлі мен модернистік тартыстың көріністерін бейнелейтін фильм. Бір қарағанда қарапайым шопан отбасысы, далада киіз үй тігіп, мал бағып, ауыларалық ұлттық ойындар жарысына қатысып, үлкен мен кішінің арақатынасын сақтайтындай. Осы тіршілікке қарама-қарсы заманауи заманның белгілері фильмде өзінің орнын тапқан: су тартатын мотор, дискотека, тікұшақ және т.б.

Фильм оқиғасы жадыраған жылы мезгілде өтеді. Басты кейіпкер Салтанаттың мінезіндей фильмде жарық, жарқын әрі жылы түстер басым. Алайда ол алдамшы иллюзиялық жарық. Нәзік, сезімтал, шығармашыл Салтанат келін болып түскен үйіне, ондағы отбасы мүшелерінің өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Тек бір кейіпкер ғана оның жанын қабылдамағандай. Ол оның күйеуі – Тастан.

Тастанның мінез құлқын тек кейіпкердің іс-әрекеттерінен емес, сонымен қатар оны қоршаған жақындарының сөздері мен оған деген қатынастарынан біле аламыз. Тастан тарапынан жылулық пен ілтипатты көрмеуінен, Салтанаттың күрсініп, ақырындап сөне бастағанын байқаймыз. Анасының үндемесе де, іштей жүрегінің ауыратындығын, Салтанатқа деген жан ашырлығын көреміз. Әрдайым әкесі мен ағасының тарапынан сөгіс алып жүрген Қайыркеннің өмірге, заманға деген көзқарасы бөлек. Жан жүрегі сезімтал, ақын жанды, өзінің жаңа қоғамда сүргісі келетіндігін жасырмайтын кейіпкер, сонымен қоса әлі де болса дәстүрлі қоғам заңдарын ұстанады.

Әрине, Тастан еңбекор, аудан ішіндегі мал санының өсуі мен жеке бәйге сайыстарында алдыңғы қатардан ғана көрінеді, әкесінің сара жолын қуған үміт ақтаған ұл, бүкіл аудандағы ең сұлу да, жарқын Салтанат оның әйелі. Ол – идеалист. Алайда оның жүрегінде бір ауыртпалық бар. Ол өз сезімдеріне берілсе, әлсіз болып қалатындай. Оның жаны мен сыртқы көрінісінің бір-біріне сәйкес келмейтінің фильм барысында түсінеміз, алайда ол жасырын түрде беріледі.

Фильмнің соңғы эпизодтарының бірінде әкесі мен Тастанның әңгімесінде, бригадаға қосылуға бел буып, шешім қабылдап келген ол, өзінің осы уақытқа дейінгі әрекеттерін, дәстүрлі өмірді ұстанып, атасының сара жолын қуып жүргенін әкесіне сілтегісі келгендей. Сабырлы да, салмақты ата: әр бала әкесінің жасағанымен жүрсе, өмір өзгерусіз қалар еді ғой деген ойды қозғайды. Бұл жерде авторлар өзгерістің заңды құбылыс екенін алға тартады.

Екі фильм бір-біріне аса ұқсамағанымен, сараптама жасай келіп, бірқатар жақындықтарды байқауымызға болады. Аталған екі фильмде оқиға шопан отбасысында, жанұя қатарына жаңа мүшенің, Жауһаз бен Салтанаттың келуімен байланысты. Екі кейіпкер де махаббатты аңсаған, жүректері нәзік жандар. Дәстүрлі қоғам мүшелері Ата мен апаның болуы, және жаңа көзқарастағы жаңа ұрпақтың келуі.

«Тұлпардың ізімен» кинотуындысында ата мен баланың арасында ұрпақ жалғастығы үзілген, бірін-бірі жалғастырушы емес. Ал «Гауһартас» фильмінде ата мен баланың арасында үндестік бар тәрізді болып көрінгенімен, ата бұл фильмде тізгінді ұлына табыстап қойған, ол өткен заман ұрпағы. Ал шешімді қабылдайтын Тастан, ұрпақ жалғастырушы бола тұра, заман мен уақыт талабына сай, жаңа ережелерге жүгінуі тиіс. Ол да жаңа өмірді қабылдаған кейіпкер.

Кеңестік дәуірде қазақтың дәстүрлі өмірі түбегейлі түрде өзгеріске ұшырады. Қазақ халқы кеңес дәуірінде ғасырлар бойы көрмеген сынақтардан өтті. Көтерілістер, қозғалыстар, коллективизация, аштық, конфискация, репрессия, ең зақым келтіргені халықтар арасындағы ұлттық айырмашылықты, дін, тілді жоюға тырысуы, халық өмірінде өз ізін қалдырды. Осындай бірегейлік саясатына қарамастан, бір ұлттың екінші ұлтқа үстемдігі жүрді.

Кеңестік тазартулар, бұқараның өмір салтын жоспармен ұйымдастыру, гендерлік саясат, бұқараны жаппай жұмысқа тарту, халықтың тұрмыс тіршілігін қалыптастырды. Кеңес үкіметін сынауға, айыптауға, кемшілік

тұстарын ашуға тыйым салынды, партия халық көзінде мінсіз, кіршіксіз болуға тиіс еді.

Осы кезеңде түсірілген фильмдер партия тарапынан қатаң қадағаланды, түзеулерден өтті, өз нұсқауларын міндеттеді. Тапсырыстық немесе өзгерістерге ұшыраған фильмдер өздерінің көркемдік қасиеттерін жоғалтты, және де фильм авторларының шығармашылық тұрғыдан ашылуларына мүмкіндік болмады. Бұл фильмдер тек агитациялық болып қала берді.

Шынайылыққа жақын, халықтың әлеуметтік мәселелерін көрсететін, қазақтың ішкі психологиясын айқындайтын фильмдер жылымық кезеңімен бірге келді: Шәкен Аймановтың «Бір ауданда», «Атамекен», «Тақиялы періште» фильмдері, Мәжит Бегалинның «Тұлпардың ізі» кинокартинасы, Абдолла Қарсақбаевтың «Қилы кезең» кинотуындысы, Шәріп Бейсембаевтың «Гауһартас» фильмі. Осы фильмдердің негізінде, сол кезге негізінен кеше мен бүгіннің, дәстүрлі мен модерннің тартысы тән екенін аңғарамыз. Бір ұрпақтың екінші ұрпақты жалғауы емес, алмастыруы орын алып отыр, құндылықтардың бағалануы өзгеріске ұшырады, ата жолын жалғастыру емес, модернизацияның ролі басым түсті.

Әдебиеттер:

1. Ногербек Б. Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. – Алматы: 2008. – 376 с.

2. Очерки истории казахского кино. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 269 с.

Amirbekova Dana

Mukusheva Nazira

THE BREAKTHROUGH IN MODERN KAZAKH CINEMA

Әмірбекова Дана

Мұқышева Н.Р.,

өнертану кандидаты

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ТЫҢ СЕРПІЛІС

*Өзінің тарихын жоғалтқан жәурт,
өзінің тарихын ұмытқан ел,
не істеп, не қойғандығын білмейді,
келешекте басына қандай
күн туатынына көзі жетпейді.
Бір халық өзінің тарихын білмесе,
бір ел өзінің тарихын жоғалтса,
оның артынан өзі де жоғалуға
ыңғайлы боп тұрады.*

Ахмет Байтұрсынов

Жер бетінде тіршілік басталғалы әр адам баласының көксегені – еркіндік, әр ұлттың аңсағаны – тәуелсіздік, дербес ел болу. Жетпіс жыл бойы Кеңес Одағының құрамында болған әр мемлекет 1990-1991 жылдары тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді ел ретінде еркіндік жолына аяқ басты. Тоталитарлық режим мен коммунистік идеологияны ысыру жолында әрбір ұлт өз тарихындағы ұмыт болған салт-дәстүрі мен өнерлерін жандандыруға ниет білдіре бастады.

Әрине, әр елдің жүріп өткен жолы, бүгінгіні бағалап келешекке байыпты көз салуда маңызды рөл атқарады. Сондықтан да, жақсыларымыз бен жайсаңдарымыздың аттары аталып, батырларымыздың жарқын келбеті барлық өнер салалары арқылы ашылып жатса халықтың рухын асқақтата түспек.

Тарихи кино әр ұлттың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрін, болмыс-бітімін, әдет-ғұрпын, тарихи оқиғалары мен тұлғаларын, кеменгерлігі мен философиялық ұстанымын экран арқылы бүгінгі көрермен назарына ұсынады. Өткенге сапар шегу арқылы, болашаққа жол сілтейтін аталмыш жанрда түсірілген кез-келген фильм сиқырлы айна іспеттес көрерменге тарихқа көз жүгіртіп, өткен заманның қоршаған ортасымен кеңірек танысуына мүмкіндік сыйлайды.

Елінің тарихына деген қызығушылығын оятып, өз бетінше ізденуіне итермелейтін аталмыш жанрда түсірілген фильмдердің әрбір ұлт үшін, оның болашағы үшін маңызы зор. Эcran алдында ержеткен ХХІ ғасыр көрермені тарихи жанрда түсірілген фильм мен деректі кино жанрларында түсірілген кинотуындылардың айырмашылығын жақсы түсінетіні еш күмән тудырмайды. Солай бола тұра кез келген көрермен көп жағдайда көркем туындыдан тарихи дәлдікті, нақтылықты іздейді.

Белгілі бір себептермен экрандалған туындыда суреттелген оқиғалардың тарихынан хабары жоқ көрермен психологиялық тұрғыдан экрандағы кейіпкердің бейнесін еріксіз шынайы деп қабылдайды және көрсетілген оқиға жайында фильм көрсетілімі барысында алған жеке әсері арқылы ой қалыптастырады. Сондықтан, тарихта орын алған оқиғалар мен ұлтымыз үшін орны ерекше ұлы тұлғаларымыздың экрандық бейнесін қалыптастыруда олардың шектен тыс бұрмаланып, өзгеріске ұшырамаған бейнесін халықтың жадында қалдыру қазақ кинематографисттерінің негізгі мақсатына айналуы тиіс.

Алаш жұртының арманы болған азаттыққа қол жеткізіп, егеменді ел болғалы халқымыздың өнегелі тарихынан сыр шертетін кинотуындылар саусақпен санарлық. Өз заманының идеологиясымен суарылып, қазақты кедей мен бай болып бөлінген, ауызбіршілігі жоқ ұлт ретінде бейнелеген кеңес заманындағы фильмдерден кейін қазақ көрермені отаншылдық сезімді оятып, ерлікке бастайтын көркем туындыларға зәру болды.

Осы оқылықтың орнын толтырады деген ниетпен И. Пассер, С. Бодров, Т. Теменовтің бірлесуімен алғашқы түсірілім күнінен бастап қазақ елінің батырлығын әлемге паш ететініне үлкен сенім артылған «Көшпенділер» (2005) фильмі көрерменнің ойлағанындай болмады, үмітін ақтамады.

Тәуелсіз Қазақстанның кинопрокат жүйесіне енуге деген алғашқы қадамы болған бұл туынды заманауи техниканы жақсы меңгерген шетелдік киномамандардың қатысуымен түсірілгендіктен, фильмнің техникалық өңделу сапасында мін жоқ деуге болады. Оқиға өрбітілу барысы да жылдам қарқынмен беріледі.

Десек те, «қазақ» деген халықты жер жүзіне танытып, қарсы келген жауларына ойсырата соққы берген, бүкіл қазақ халқын бір байрақтың астына

жинаған даналығы мен тапқырлығы тең дәрежеде болған ұлы қолбасшы Абылай ханның бейнесі толық ашылмай, бір-екі шайқас көріністерімен сипатталып, тек күрескер, жауынгер ретінде ғана қалып қойғаны өз тарихын, дәстүрін санасымен танып-білетін қазақ көрермені үшін ауыр соққы болды.

Мән-мағыналы ою-өрнекпен көмкеріліп, әсемдік пен мазмұндық жағынан үйлесім таба білген қазақ халқының ұлттық киімдері аталмыш фильмде сұрықсыз костюмдерге алмасып, тамыры тереңге бойлаған көне тарихымыз көмескі сипат алып, жалпы заман тынысы, көшпенді халықтың рухы сезілмеді. Қазақ деген ұлттың кім екенін тереңінен түсінбейтін, түсінуге тырыспайтын голливуд әртістері халқымызды әлемге танытады деген жалған үміт ақталмады.

Осы тұрғыда ұлттық киномыздың майталмандарының бірі Мәжит Бегалиннің: «Мен фильмді өзімнің қазақ көрермендерім үшін түсіремін. Ең әуелі менің фильмімді өз елім қабылдауы қажет. Содан кейін өзге елдер мойындасын» деген сөзі еске түседі [1]. Әрине, әлем киноаренасына шығу керек, бірақ, ұлтымызды өз тақырыбымызбен және өз актерлеріміз сомдайтын өз кейіпкерлерімізбен таныту негізгі мақсатқа айналуы тиіс.

«Көшпенділер» фильмінен кейін көрерменнің тарихи жанрдағы заманауи қазақ киносы жайында қалыптасқан теріс көзқарасын жоққа шығарып, жыртығымызды жамағандай әсер қалдырған «Жаужүрек мың бала» фильмі 2012 жылы қазақ экранына жол тартқан ең ірі әрі бірегей жоба болды. «Рэкетир», «Адаққан», «Ликвидатор» фильмдері және «Ағайынды» телехикаясымен бүгінгі қазақ кинорежиссурасында алар орны ерекше Ақан Сатаевтың тарихи жанрына жасаған алғашқы қадамы қазақ киносының дамуына сүбелі үлес қосқаны сөзсіз.

«Қазақфильм» және «Sataifilm» киностудияларының бірлесуімен жүзеге асқан кинотуынды түсірілім барысында бас-аяғы он бес мемлекеттің киномамандарының көмегіне жүгінгені белгілі. Осы тұрғыда шақырылған мамандар кинотүсірілімге атсалысқан топтың он пайызын құрап, ал қалған тоқсан пайызын өз киногерлеріміздің толықтырғаны заманауи қазақ киносының мүмкіндіктерінің зор екенінің бірден-бір дәлелі.

XVII ғасырда басталып XVIII ғасырдың бірінші ширегіне дейін жалғасқан жоңғар-қазақ шапқыншылығы – азаттық үшін жан берісіп, жан алысқан әрбір қазақ баласының қанымен жазылған тарих. Сталиндік репрессияның құрбаны болған белгілі ақын Нұрмағанбет Қосжановтың «Сартай батыр» туралы дастанының желісімен түсірілген фильмінің сюжеті жерін, елін қорғап, шапқан жауға тойтарыс беру мақсатында Әбілқайыр хан бастаған «Мың бала» жасағының құрылғаны жайында баяндайды.

Жалындаған жастардан құралған бұл жасақты есімі кейінгі ұрпаққа тарихи жырлар мен аңыздар арқылы жеткен, Хиуа хандығының бас биі Байжанның он алты жасар ұлы, ержүрек сарбаз Сартай басқарады. Әкешесінің жоңғар әскерінің қолынан аяусыз қанішерлікпен өлтірілгеніне еріксіз куәгер болған бала Сартай жүрегіне құйылған жуылмас кектің көз жасымен ержетеді.

Сартай есімді қазақтың батырының шынымен өмірде болғаны хақ. «Қазақ ру тайпаларының тарихы» кітабында: «Мен Данияр, Сартайдың тікелей ұрпағымын. Байжаннан – Сартай – Таймас – Тоғыс – Дәрменкұл ишан – Абдуссамад – Жалмұхаммед – Данияр. Тарихтан хабары бар аталарымның айтулары бойынша, Байжан би Сартай баласын соғысқа ақ батасын беріп шығарып салған.

Ал, жаужүрек Сартай атамыз елі үшін қан майданда нағыз батырларға тән ерен ерлік көрсетіп, жауын жеңіп еліне аман-есен оралған. Үш әйелі, бес баласы болған. Сартай батыр 1711-1785 жылдар аралығында өмір сүрген» - деп берілсе [2, 147], «Үркер» атты тарихи романында Әбіш Кекілбаев былай жазған: «... бәрінің де көзі Байжан би мен Сартай батырға қадала қапты. Оның да мәні бар еді. Бір кезде Әбілқайырдың атағын асырған Бұланты бойындағы шайқасқа қызыл тілдің ебімен Хиуадан он мың атты қол қостырған Байжан би де, сол ұрыста жауға айқай салып бірінші тиген оның мына отырған батыр баласы Сартай-тұғын. Хан үшін қалған Шектінің жөні бөлек те, бұл екеуінің жөні бөлекті» [3, 320].

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қиянат Зардыханұлы: «Жаужүрек мың бала» – тарихи деректі емес, көркем фильм. Сондықтан картинада тарихи оқиғалар образды түрде берілді. Мұнда көркемдік әрлеу, мәнерлеу және сюжет бар. Тарихта нақты «Мың бала» деген оқиға жоқ. Бұл – арманнан туған аңыз. Алайда жер-жерде ауыздан ауызға тараған жырларда Сартай батыр туралы, «Мың бала» оқиғасына қатысқан адамдар туралы аңыздар бар» - деп айтып өтеді [4].

Бұл пікірмен келіспеген Нұрлан Көбегенұлы: «Сартайдың әкесі Байжанды жоңғардың қолымен өлтіре салу, осы оқиғаны пайдаланып, Сартайдың қай жерден аттанғандығын ашып көрсетпеу, ең аяғы Сартайды қыршынынан қию, біздіңше, тарихи шындықтан аттау.

Егер көркем дүние болса, фильмде көркемдік шындық болуы тиіс. Көркемдік шындықтың өзі өмір шындығынан туындайды. Көркемдік шындық өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну арқылы туады. Ал өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі – тарихи шындық. Біздің іздеп отырған өмір шындығымен астасқан тарихи шындық «Жаужүрек мың бала» фильмінде кездеспейді» - деп, қарсы пікір білдіреді [5].

Тарихи деректерге толыққанды сүйенбегеніне қарамастан, осы кейіпкер арқылы режиссер қазақтың ерлік пен еркіндік рухының шындалған «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» және Аңырақай шайқасы кезеңін суреттейді. Көркем фильмнің қалыптасқан заңдылықтарына сай фильм режиссері белгілі бір құрылған сюжет арқылы заманның тынысын жүздеген боздақтың тағдырынан сыр шертетін жалпылама тарихи бейне құрастыру арқылы бере білген.

Соңғы жаңа технологияның көмегіне сүйеніп, компьютерлік графика әрлеуінен өткен кинотуынды заманауи блокбастерлерден еш кем түспейді.

Даңқты «Аңырақай шайқасы» көрінісіндегі сарбаздардың көне заман мәнерінде орындалған қару-жарақтары мен сауыт саймандары, жоғары деңгейде жасалған.

Әскердің ат үстінде жауға шапқан шайқас көріністеріндегі екі қарсыластың бір-біріне сілтеген семсерлері мен қағысқан қалқандары, күйіндатып шауып келіп, бірін-бірі түйреген найзалары, алыстан атылған жебенің суық суылы мен аяқтың астында қанға шыланып, тапталып жатқан сарбаздардың дулығалы бастары асқан шеберлікпен беріліп, шынайы әрі әсерлі болып шыққаны сондай, қарапайым көрерменнің көбі сол фильмде өзі жүргендей күйде отырады.

Бұл, әрине біріншіден режиссердің еңбегі болса, екіншіден осыған дейін «Көшпенділер», «Моңғол», «Рэкетир» сияқты т.б. фильмдерде жұмыс атқарған Жанарбек Күнғожинов жетекшілік еткен каскадерлер тобының шеберлігі деп білеміз.

Кино синтезді өнер болғандықтан, фильмдегі музыканың атқаратын қызметі де өте маңызды. Ақан Сатаевтың «Ағайындылар» телехикаясынан бері бірлесіп жұмыс істеп келе жатқан композитор Ренат Гайсин «Жаужүрек мың бала» фильміне де саундтрек жазып, қалың көрерменнің ықыласына бөленген туындының шығуына өз үлесін қосты. Фильмде қолданылған әуендердің жартысы Махамбет пен Құрманғазының бүгінгі заманға лайықтанып әрленген күйлері мен халық әндері болса, қалған жартысы Ренат Гайсиннің төл шығармалары.

Қазақтың қай күйін, қай сазын алып қарасақ та бірінен бірі асады. Дегенмен, Құрманғазының «Кішкентайы» мен соңғы кезде шыққан фильмдердің көбінде келіссе де, келіспесе де тықпалана беретін «Елім-ай» сазы дәл нақты осы фильмге орынсыз қолданылғандай әсер қалдырды. Ауыр сарындағы музыканың орнына рухтандырып, ерлікке бастайтын әуендер қолданылса, көрерменнің кинодан алған әсері ұлғая түсер еді деп болжаймыз.

«Жаужүрек мың бала» фильмі біраз жас актерлеріміздің экран төрінен көрінуіне жол ашты. Асылхан Төлепов (Сартай), Аян Өтепберген (Таймас), Құралай Анарбекова (Қорлан) іспеттес жас өнерпаздар өз рөлдерін жақсы сомдап, көрерменнің көзайымына айналатын деңгейде алып шыға алды. Сартай батыр мен ержүрек қыз Зере екеуінің арасындағы нәзік сезім фильм мазмұнының өзегіне айналған.

Ғашықтардың бір-бірімен кездескен кездері, астарлап диалог құрған сәттері, жаужүрек жігіттің ибалы қыздың қолынан сыпайы ұстауы сияқты ұятты үлгі еткен детальдар көрерменге рухани ләззат сыйлайды. Екі жас арасындағы албырт сезімді Ақан Сатаев құдіретті кино тілі арқылы, ешбір артық әрекетсіз, асқан жоғары мәдениеттілікпен әдемі суреттей білген. Сонымен қатар, актерлердің үстіндегі өз бейнесіне сай таңдалған костюмдері ұлттық ою өрнектер арқылы үйлесімді безендіріліп, нағыз қазаққа тән киім киіс әсемділігін жеткізе білген. Қазақтың ата жауы болған жоңғарлардың бейнесін жасау үшін талғаммен тігілген костюмдер де өте сәтті таңдалған. Жоңғарлардың қару-жарақтары мен киім үлгілерінің жоғары деңгейде

шығуының бір себебі фильмнің ескі жазбалардан келген дәлелдерге сүйене отырып, түсірілгендігінен болар.

Әбілқайыр сұлтан, Бөгенбай батыр бейнелерін ерліктің символына айналдырған «Жаужүрек мың бала» фильмі қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресін бейнелеу арқылы бүгінгі егеменді мемлекетте өмір сүріп жатқан ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеп, еркіндікті қадірлеуіне түрткі боларлықтай әрі келешекте тарихи жанрда түсірілетін фильмдер осы киношығармаға қарап бой түзейтін, ескірмейтін фильмдердің біріне айналып үлгерген, әдемі, эстетикалық көркем туынды деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

- 1.Ықтымбаев Н. Өнеге өрнектері // Егемен Қазақстан, 2013, 7 желтоқсан (№ 270), N 2
- 2.Қазақ ру-тайпаларының тарихы. 2 т. – Алматы: Атамұра, 2006
- 3.Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – 7 т. Үркер: роман. – Алматы: Өлке, 1999
- 4.Сенбаева А., «Жаужүрек мың бала» – азаттық айнасы [Электронды қор] //baq.kz ақпараттық порталы [Ресми сайты]. URL: <http://baq.kz/kk/news/11080> (жүгіну күні: 14.01.2015)
- 5.Көбегенұлы Н., Тарихқа қиянат жасалмасын, Сартайдың рухын өлтіре алмайды! «Жаужүрек мың бала» фильмін көргеннен кейін туған ой [Электронды қор] // baq.kz ақпараттық порталы [Ресми сайты]. URL: http://baq.kz/kk/regional_media/post/16668 (жүгіну күні: 14.01.2015)

Gabdrashitova Kamila

Nogerbek B.R.

TRADITIONS OF POETIC CINEMA IN S. KHODZHIKOV`S

«KYZ ZHIBEK» FILM

Габдрашитова К. А.

Ногербек Б. Р.

кандидат искусствоведения

ТРАДИЦИИ ПОЭТИЧЕСКОГО КИНО В ФИЛЬМЕ

С. ХОДЖИКОВА «КЫЗ ЖИБЕК»

В данной статье мы попытаемся раскрыть киноработу Султана Ходжикова как одно из первых произведений казахского поэтического кино, используя специфику природной основы киноязыка - выявление метафоры в данном кинопроизведении, что позволило ясно показать отношение данного фильма к поэтическому кинематографу.

«Мастера старшего поколения воспевали советское общество, создавали романтический образ казахского народа на экране, опираясь на поэтику фольклора» [2, 6] – так определяется деятельность режиссёров Ш. Айманова, С. Ходжикова, М. Бегалина.

Картина Султана Ходжикова «Кыз Жибек» стала одной из ярчайших кинолент поэтического направления. Причиной этого является то, что знаменитый режиссёр, входящий в великую когорту классиков казахского кино, в пору обучения киноискусству был учеником главного «поэта экрана» Александра Довженко. Этот факт напрямую сказался на режиссёрском стиле казахского кинодеятеля.

Фильм С. Ходжикова «Кыз Жибек» является экранизацией одноимённой народной лиро-эпической поэмы, что уже накладывает отпечатки на кинопроизведение. Данный фильм является уникальным, так как его форма, структура и семиотика полностью отражают ментальность казахского народа, его традиции и фольклор. В доказательство приведём подробный анализ фильма.

Анализ на выявление метафоры в фильме. Специфическим сходством фильма и стихотворения является использование метафорического языка в кино. Ефим Семёнович Добин, советский искусствовед, исследователь художественной формы в единстве с идейным содержанием искусства, в своей монографии «Поэтика киноискусства» выделяет четыре элемента метафорического языка кино: «параллелизм», «обобщённый» образ, «отражённый» образ и «парциально-монтажный» образ. «Границы между ними подчас зыбки (так же как между метафорой, метонимией, синекдохой в словесной поэзии). Существуют всё же некоторые устойчивые характерные черты каждого «кинотропа» [1, 59]. Данное систематизированное понятие метафоры в кино позволяет точно определить её использование в конкретно выбранном нами фильме.

В фильме С. Ходжикова мы наблюдаем использование всех элементов метафорического киноязыка. Они выражаются очень ярко и действуют с большой эмоциональной силой на зрителя. Для доказательства рассмотрим все проявления данных «кинотропов» в картине.

«Обобщённый» образ – наиболее распространённый «кинотроп» в советском поэтическом кино. Но именно здесь он позволяет нам говорить о поэтичности фильма «Кыз Жибек», так как все использования метафоры были чётко продуманы и согласованы при монтажной склейке. С самого первого кадра режиссёр с помощью этого «кинотропа» раскрывает идею фильма:

Первый кадр – брызнувшая на землю кровь, упавший шокпар;

параллельно: мечущийся на воде испуганный лебедь, звуковой монтаж – крики лебедя;

параллельно: вздыбившийся конь без всадника тяжело падает на землю, звуковой монтаж – ржание коня;

параллельно: испуганно убегающие по земле окровавленные лебеди, звуковой монтаж – крики лебедей;

параллельно: окровавленное копьё тащится по земле, оставляя кровавый след, звуковой монтаж – плач женщины, плач младенца;

параллельно: уходящий аул, звуковой монтаж – плач женщины, непрерывающийся плач младенца.

В первой сцене, собранной лишь из шести планов, лежит глубокий смысл. Он также собирается из нескольких подтем.

Сначала рассмотрим первый кадр: перед нами «материализация словесной метафоры». Автор буквально изобразил слова: «и пролилась невинная кровь на измождённой земле». Так нам дана первая мысль. Далее, мы рассматриваем звуковой монтаж, почти сразу звучит резкий лебединый крик. Каждый казах знает, убийство лебедя – большой грех, который принесёт несчастье. Ни один казах по своей воле не убьёт священную птицу, значит, на этой земле происходит что-то ужасное, а именно, кровавые междоусобицы.

Последующий монтаж остальных быстро сменяющихся кадров привносит ещё более глубокий смысл: спокойствие покидает этот несчастный край. *Всё это заключено в первой сцене.* Такова сила метафорического киноязыка. Как точно отметил С. Добин: «В «повествовательном» ходе потребовался бы ряд промежуточных звеньев, чтобы привести в связь» [1, 100] данные события.

В начале статьи мы говорили лишь об «обобщённом» образе. Но посмотрим следующие кадры: длинный кадр, внутрикадровым монтажом камера переносится на трёх лебедей; далее камера опускается ещё ниже, показывая кровавые следы птиц на земле.

Здесь уже мы наблюдаем за сопоставлением, «единичный образ освобождается от второстепенных черт. Выделяются и обобщаются существенные черты» [1, 107], то есть в нашем случае зрителю становится важно лишь то, что показала данная метафора. Люди (аул), как и лебеди, изгнаны со своих земель, из своей стихии. Подобное двойное использование метафоры усилило впечатление от сильного начала в несколько раз.

Далее, уже используя метафорический «параллелизм», режиссёр вновь усиливает другое впечатление. Радость победы прерывается параллельными кадрами горя поражённых. Здесь применён приём антитезы.

В другом эпизоде мы видим другое выражение метафоры. После примирения и провозглашения мира с родами, когда задиристый Бекежан был усмирён аксакалом, в чередке кадров быстро успевают промелькнуть ползущая по белой кошме гадюка. Этот быстрый кадр монтажно ассоциируется с образом Бекежана, точнее с одной из его характерных черт. Коварство змеи появилось в характере смелого батыра после этого разговора. Но позже сам Бекежан успевают раздавить гадюку, тем самым предначертая свою судьбу.

Сильная, сейчас очень распространённая в казахском кино метафора начинает эпизод поединка.

С нижнего ракурса: упрямая морда коня Бекежана, внутрикадровым монтажом, поднимаясь выше, такое же непреклонное выражение лица Бекежана, параллельно: конь Толегена, роющий копытом землю, внутрикадровым монтажом, аналогично, решительное выражение лица Толегена.

Но в этом случае метафора помимо «обобщающего» смысла несёт ещё одно значение: батыры одинаково упорны. Тем самым эта метафора подготавливает нас к равному бою и равным в храбрости и удали батырам. Не

стоит забывать о структурном анализе, так как эта деталь имеет огромное значение для следующего столкновения Толегена и Бекежана. Они оказались равными во всем, кроме душевных качеств. Зависть Бекежана не дала ему стать равным Толегену в благородстве.

Несколько отступая от метафоричности киноязыка в данной киноленте, было бы неправильным опустить некоторые его «украшения». При решении спора, глаза Жибек повязывают её же волосами, таким образом, делается акцент на них, на главной красе девушки. Далее, краткая сцена высоко взлетевшей стрелы Жибек, несмотря на динамику, становится волнующей паузой перед выбором судьбы. Усиливает впечатление имитация музыкальным инструментом свиста летящей ввысь стрелы, предопределяющей выбор Жибек. Данные и подобные детали обогащают красочность фильма и положительно влияют на восприятие зрителя.

В доказательство близкой природы поэтического кинематографа казахскому менталитету служит наглядный эпизод после выбора девушки. Отец Жибек одним лишь движением, бросив маленьким детишкам асыки, ставит на место наглого Бекежана. Данное сравнение никоим образом не принадлежит киноязыку, это всего лишь изображение мудрости аксакала, которое, однако, гармонично вписывается в концепцию метафорического киноязыка. Таким же является изображение свадьбы Толегена и Жибек.

Национальные традиции, показанные на экране, несут двойную смысловую нагрузку. Нужно отметить заполненность кадра во время эпизода свадьбы. В кадре либо много людей, либо много предметов – это обозначение радости, богатства и, как ни странно, культуры народа. Данный эпизод проходит на улице и в юрте молодых. Перед молодыми расстелен «Ак жол», который, согласно традициям, покрывают шкурами животных, в новой юрте в очаг подливают масло, чтобы в доме всегда был уют, красочно изображено богатое убранство юрты – всё это казахские традиции, которые на экране преобразовываются в метафору: иносказательное выражение счастливой семейной жизни, удачи и благополучия.

В эпизоде, когда Жибек и Толеген остаются одни в юрте, с помощью «парциально-монтажного» образа показана Жибек. Последовательные крупные планы лиц, рук, ног складываются во впечатление невинности молодой девушки, которое тут же подтверждается параллельным изображением белого лебедя.

Также ещё одной метафорической характеристикой Жибек служит сцена с бесіком. Молодая девушка в неосознанном порыве бросается посмотреть кукол в колыбели, но осознав, что делает, с испугом оглядывается на Толегена. После шутки жениха, мы понимаем, что между возлюбленными возникает полное взаимопонимание. Логическим завершением этого метафорического эпизода является серия быстрых кадров парных лебедей, снова крупных планов лица Жибек, девичьих рук, вздымающейся от волнения груди, рассыпанного жемчуга, обозначающих чистую любовь молодых. Таким образом, в данном

эпизоде с помощью метафорического языка нетривиально было изображено торжество любви молодых, которые не боятся даже гнева родителей.

В перебивке со сценами в юрте мы наблюдаем за праздником на улице. И здесь наблюдается метафорическая связь со спокойно плавающими лебедями. Однако здесь они олицетворяются с миром в народе. Примечательна одна сцена:

- постановочный кадр: горизонтальной панорамой справа налево показаны стоящие девушки, которые с движением камеры поочерёдно садятся на кошму;

- параллельно: четыре плавно проплывающие друг за другом лебедя. Звуковой монтаж – ответ Шеге кобызу Каршыги о сменяемости зла добром;

- дальнейший дуэт Шеге и Каршыги будто бы подтверждает слова акына, на фоне которого опять же «парциально-монтажным» образом изображена любовь молодых.

В последующей сцене мы наблюдаем возвешение первого утра в Ак отау. Здесь необходимо отметить атмосферу действия. Утро характеризуется не банальным восходом, но звучит поистине поэтично.

Быстрой панорамой: открывающаяся дверь, яркий солнечный свет проникает через неё, откинутый тундик, свет солнца теперь освещает лица Жибек и Толегена. Звуковой монтаж – крик лебедей.

Так изящно в этом фильме наступает утро. Атмосфера действия в этом фильме не пассивна, она активно работает на создание нужного настроения. Доказательством тому могут служить слова С. Добина: «Внешнее природное и вещное окружение не экстрагировано из повествования. Но образное его воздействие заключено не в столько в непосредственном его облике, сколько во втором плане – в эмоциональном отражении событий, действий, переживаний» [1]. Такое использование природы и внешнего окружения встречается на протяжении всего фильма. Об этом мы будем вести речь в отдельной части.

Как было сказано ранее, вторая серия переворачивает сюжет, с каждым кадром становясь всё напряжённей. Особым событием здесь становится грозное предупреждение о джунгах. Мизансцена была продумана очень тщательно сообразно всей концепции фильма. Молодожёны, выходя из юрты, буквально наталкиваются на страшную весть. Вестники с чёрным флагом обрушивают несчастья на головы влюблённых и скачут далее к аксакалу.

«Неужели и сейчас не объединятся все три жуза?!» – главная фраза данного эпизода, произнесённая аксакалом. Надежда – вот главное, что важно было показать режиссёру. Надежда отца Жибек, что забудутся все обиды между родами, надежда Жибек, что возлюбленный скоро вернётся. Но режиссёр не остановился только на этом. Зритель вместе с героями переживает всю палитру чувств от твёрдой надежды на лучшее вскоре после отъезда Толегена, до безнадёжного отчаяния нескончаемого ожидания.

Следующий эпизод резко отличается от предыдущих сцен. В отличие от них, здесь красной нитью прослеживается лишь одна мысль: объединение народа. Камера здесь аскетична, как и изображённая природа. Тамга заключает

этот эпизод, но звон её нанесения слышен очень далеко. Бекежан не простил нанесённой обиды и, тем самым, начисто стёр всю уверенность на объединение казахов против врага в прах.

Упрямое соперничество движет им точно также, как высокомерие движет отцом Толегена, главой рода «Жағалбайлы». Камера здесь более чем красноречива. С первого кадра у «Жағалбайлы» оператор использует нижний ракурс, тем самым подчёркивая главное в этом роду – богатство. И бесчисленные табуны коней, длинная лестница и высоко стоящая юрта главы рода – всё показано свысока и надменно. И лишь деньги показаны с верхнего ракурса, подчёркивая важный статус. Гнев отца на ослушавшегося сына также ещё более силён, подтверждаемый соответствующими ракурсами.

Разительна разница со следующими сценами тревоги и томления. Попеременно режиссёр показывает разделённых судьбой влюблённых, которых связывает одно предчувствие беды и угасание последней надежды. Так, всё более отстраняется, Толеген от жадного отца, в то время как Жибек боится рассказать кому-либо пророческий сон. У казахов нельзя рассказывать дурные и плохие сны, так как считается, что их послал шайтан. Поэтому Жибек может открыться лишь в мавзолее Айшабиби – хранительницы страждущих. Влюблённым вторит природа, в обоих краях показанная «неутешной» панорамой, последние искры надежды смыты гневом Шеге и волной беспокойной реки:

- заключённый в юрте отцом Толеген обращается к Шеге;

- параллельно: взбушевавшие у берега волны, Жибек на коне, оборачивается, будто услышав;

- параллельно: такие же взбушевавшие волны Жайыка, Толеген смотрит в небо через открытый шанырак;

- параллельно: птицы над юртой Толегена, как напоминание о невесте.

После этой переключки мы наблюдаем повествовательный эпизод. Изгнание примчавшихся новых женихов – наиболее конкретное и точное изображение смелости и красноречия Жибек. При всей своей красочности изображения, поэтический киноязык не может раскрыть те тонкие чувства, которые испытывает Жибек: угасающая надежда, отчаяние, обида и нескрываемая злость на новоявленных сватов.

Данной поэтике также присуща некоторая статичность образа. При этом, необходимо было показать, насколько дипломатично и уважительно отнеслась Жибек к непрощеным гостям. Здесь с помощью прозы показаны малейшие нюансы природы молодой девушки. И опять смысловым заключением становятся горькие слова отца Жибек: «Ах, Жибек, жаль, что ты не родилась сыном». Много лежит в этих словах: и жалость к Жибек, и горечь по терпеливой женской доле, и восхищение характером родной дочери, и, главное, безграничная отцовская любовь и сострадание.

Но это прозаическое отступление лишь усиливает эффект поэтического языка. Дикое животное, заключённое в ловушке, на которое смотрит Бекежан в следующей сцене – метафора слишком яркая, чтобы зритель её забыл. Она, как

мы знаем, имеет два смысла. Вслед за этим планом следует сцена, в которой аксакал посылает за Бекежаном. Так, кажется, будто бы род «Шекті» является загнанным зверем между джунгарами и «мечом» Бекежана. Но в финале эта сцена метафорично-ассоциативным методом ещё раз вспыхнет в сознании зрителей.

Следующим прозаическим куском стал эпизод в юрте отца Толегена, когда сын просит благословения отца. Здесь также показана мудрость молодого сына, смотрящего дальше своего жадного отца. Два описанных использования прозы лишь сильнее раскрывают личные качества главных героев, тем самым выделяя их в поэтике киноязыка данного фильма. На наш взгляд, после «Броненосца «Потёмкин» Сергея Эйзенштейна, впервые только Султан Ходжиков смог так гармонично соединить содержание с формой фильма. Также вновь старинная пословица, использованная Толегином как упрёк отцу, гармонично вплетается в метафору глупой политики отца: «Овцы, спасаясь от града, становятся добычей врагов». Тем сильнее мы чувствуем благородный порыв непокорного, но правого Толегена, отправившегося в одиночку на верную смерть.

В поэтике фильма не менее значительную роль играет звуковой монтаж. Музыкальное сопровождение фильма «Кыз Жибек», на наш взгляд, достойно отдельного научного рассмотрения. Здесь же мы обязаны сказать о шумах.

Как было замечено ранее, в рассмотрении первой серии, звуки несут отдельную информацию.

Во-первых, монтажно связывая параллельные сцены. Как, к примеру, крик птиц, разрядивших обстановку после скачки Толегена и Бекежана к роду «Шекті».

Во-вторых, у главных героев есть свой лейтмотив. Так, лейтмотив Кыз Жибек – всем известная песня «Гакку», лейтмотив Толегена – мелодия, исполняемая на домбре, которая звучит мягче, чем ударные или духовые, предвещающие прибытие Бекежана.

В-третьих, особое место занимает крик лебедя в этом фильме. Во время разговора Бекежана и Толегена об отсутствии войска рода «Жағалбайлы», воины вновь слышат пронзительный крик священной птицы. В следующем кадре мы воочию видим убитого лебедя, предвещающего несчастье и коварство врагов, как в самом начале фильма.

Однако наиболее запоминающейся звучит тревожная струна домбры, когда Толеген дальше отправился в путь. Именно этот звук обозначает несколько секунд сомнения, когда в Бекежане борются две сущности. Именно этот звук перекрывает всю доблесть воина, предыдущие слова о павших в бою и, в конце концов, признание Толегена. Сомнение, появившееся сразу после того, как отвернулся успокоенный соперник, показало всю низость души завистливого Бекежана.

На запад, к закату своей жизни едет Толеген. Этим планом начинается кульминация – эпизод смерти Толегена. Так с помощью «обобщённого» образа режиссёр изобразил смерть героя, жалость к «убогому» сопернику, сожаление о

несбывшейся мечте-любви, горечь по неизбежной судьбе народа. Однако, несмотря на окончание строфы соперничества, показанной символическим посыпанием землёй Толегена, два плана говорят нам о другом. «Субъективной» камерой нам показан мир Толегена:

1 – камера переворачивается

2 – бегущая в свадебном наряде Жибек

3 – позже повтор, далее одинокие кони Толегена и Жибек

4 – улетающий прочь одинокий лебедь.

Таким образом, перевернулся мир для Толегена: глубокое разочарование в природе человека, несбывшиеся мечты о счастливой любви, жалость к несчастной Жибек и сожаление о ранней нечестной смерти. Всё это почувствовал Толеген в последние минуты угасающей жизни. А если конкретно, всё это изобразил режиссёр и прочувствовал зритель в несколько мгновений перед смертью экранного героя. Также последний план с одиноким лебедем отсылает нас к другой мысли: лебеди не могут жить без пары, что предвосхищает новую смерть.

Тем горше звучит радость Жибек для зрителя. Тревожно выглядит беспокойная река, дождь принёс новые слёзы. Невозможно предателю сказать о своём преступлении, и здесь на полную мощность работает поэзия киноэкрана. Стрела из юрты Толегена и Жибек, нагло сломанная перед аксакалом, выступила наиболее красноречиво. И уже неважно, какой ты был храбрый батыр, на тебя может с презрением плюнуть любая женщина.

В дальнейших сценах, когда Жибек узнаёт о смерти Толегена, уже нельзя точно сказать, какой поэтики придерживался режиссёр. Сцена является одной из наиболее трагичных в картине. Возможно, камера здесь чисто повествовательна, лишь констатирует все обряды казахов: жоктау, погасший очаг, пояс на шее аксакала, траурный флаг и т.д. Но при этом сцена не выбивается из общего строя: ни изобразительно, ни по смыслу, ни по поэтике.

Трагичность финала продолжает нарастать в соприкосновении с природой: конь скачет без всадника по красному маковому полю, обозначая конец счастливой любви, а лебеди покидают проклятое место, где плывущее сәукеле может обозначать одну лишь смерть. Но испуганные крики лебедей не прекращаются, продолжая предвещать дальнейшие страдания народа.

Система выразительных средств режиссёром была продумана до мельчайших подробностей. Сюжетика – древний народный эпос, заключивший в себе великую историю любви вне времени и вне пространства. Драматургия представляет собой точную, без изъянов, схему. Колорит определён содержанием картины. А ритм полностью подчинён поэтическому киноязыку. Поэзия языка гармонирует с сущностью картины. Таким образом, со всей уверенностью можно сказать, что «Кыз Жибек» - подлинный казахский дастан, воплощённый в жизнь с помощью искусства кино.

Итогом данного развёрнутого анализа фильма является то, что для выражения сущности национального колорита и менталитета абсолютно

истинна форма поэтического кино. Именно данная поэтика полностью совпадает с мировоззрением казахского народа.

Это не значит, что поэтическое кино – единственный выход для казахского киноискусства в целом. Но искания в этом направлении могут привести современное казахское кино к новым открытиям.

Литература:

1. Добин Е. С. Поэтика киноискусства. – М.: Искусство, 1961

2. Ногербек Б. Р. Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. – Алматы.: RUAN, 2008

Zhumabay Nazerke

Tarazi A.

**FUNDAMENTAL PROBLEMS OF NATIONAL DRAMATURGY IN
THE CONTEXT OF ORALKHAN BOKEY'S WORK**

Жұмабай Назерке

Тарази Ә.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері

**ҰЛТТЫҚ ДАРАМАТУРГИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ ТҮЙТКІЛДЕР
ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ КОНТЕКСТІНДЕ**

Әдебиет – өмірдің айнасы болса, кино – сол өмірдің өнерге айналған – көрінісі, яғни әрекет эстетикасы. Демек, кино – өнер. Алайда «жаңа кезең киносы өзімен бірге айтарлықтай көп жаңалық әкелді, ұлттық режиссура мектебін жаңа арнаға бұрды. Бұлай дейтінімізге себеп, қазіргі фильмдерде тақырып өзектілігінен бастап, кейіпкер бейнесін сомдау тәсілдері де жаңаша шешімін тапты» [1].

Оның үстіне, киноның өнер емес, өнім ретіндегі рөлінің жоғарылауы қазақ киноиндустриясына өз әсерін тигізбей қоймады. Әсіресе, голливудтық өнімдерге жаппай еліктеушілік, батыстық бағытқа бетбұрушылық кейбір тұста ұлттық мінезіміздің экрандық туындыларда көмескіленуіне алып келді.

Мәселен, 2005 жылы қазақ-француз кинематографистерінің бірлескен жобасы – «Көшпенділер» фильмі (режиссері – И. Пассер, С. Бодров, Т. Теменов) түсірілді. «Көшпенділерден» кейін де ұлттың бет-бейнесін көрсетеді дейтін талай туынды жарық көрді. Бірақ көрермен фильм ішінен тарихын таба алмай пұшайман халге түсті. Сценарийдегі шашыраңқылық пен жүйесіздік көрермен ойын сан саққа жүгіртті. Бұл бір ғана фильм қазақ киносының өткені мен бүгініне таразы да, өлшем де бола алмайды, әрине. Дегенмен, келтірілген мысал кинодраматургиядағы түйткілдердің төркінін түсінуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Біздіңше, отандық кинодраматургияда ұлттың бет-бейнесі, табиғаты мен болмысы, заман ағымы мен талабына сай өмір тынысы шынайы да терең берілуі керек. Қазақ киносын өзге ел өнімінен оқшаулап, даралап тұрар ұлттық

бедері болуға тиіс. Ал ол үшін фильмнің әдеби негізі, яғни драматургиялық тіні мықты болмақ керек.

Осы тұрғыдан келгенде, мазмұны шытырман шиеленіске құрылған, киноға сұранып тұрған әдеби шығармаларды барынша ұтымды пайдалану қажеттілігі байқалады. Егер шығарма кілтін дөп тауып, кино тіліне айналдыра алса, шығармашылығы қым-қиғаш сюжетке толы жазушыларды қазақ әдебиетінен жиі ұшыратуға болады.

Мәселен, қазақы реализімді, ауылдың тыныс-тіршілігін шебер суреттеген қарымды қаламгер Бейімбет Майлиннің қыр әңгімелері, әйел жанының қатпарлы характерін, психологиялық пернелерін дөп баса тереңнен толғаған Мажан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақ білек», «Әнші», Ғабит Мүсіреповтің «Талпақ танау», «Этнографиялық әңгімелері» дап-дайын сценарий. Тек кілтін тауып, экрандық эстетикасына бойлай алса, көреремен көптен аңсаған рухани тұшынуға қол жеткізер еді деп сеніммен айтуға болады.

Жазушы Сайын Мұратбеков, Әкім Тарази, Тынымбай Нұрмағамбетовтердің туындылары да киноға сұранып тұр. Тек іздейтін режиссердің жоқтығы қайбір тұста ұлттық киноөнеріміздің кежегесін кейін тартып келе жатқандығы жасырын емес. Осыған дейін де аты аталған классик қаламгерлердің шығармашылығына түсірілім тобы біршама бойлауға тырысқанымен, көпшілігі сәтсіз, туындының діттеген мәйегіне дөп түспей, өнер деңгейіне көтеріле алмай жатты.

Мәселен, Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» шығармасының желісінде түсірген режиссер Болат Шәріптің «Күнә», Сәкен Жүнісіовтің «Аманай мен Заманай» туындысы бойынша экрандаған «Замана-ай» фильмдері, сонымен қатар режиссер Сатыбалды Нарымбетовтың жазушы-драматург Роза Мұқанованың шығармасы негізінде жарық көрген «Қызжылаған» кинотуындысы – осы ізденістің басы деуіміз керек. Атын атап, түсін түстеп іздер болса, ондай шығармалар қазақ әдебиетінде жетерлік.

Соның бірі – Оралхан Бөкейдің әңгіме-повестері. Суреткердің шығармашылық шеберханасына бойлаған талапкер Оралхан Бөкей әңгімелерінен өмір үнін табары анық. Кез келген шығармасының сюжеті қызық, киноға сұранып тұр. Бірақ, осы күнге дейін аталған туындылардың жолы болмай келеді. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде Оралхан Бөкейдің шығармаларынан «Кісікиік» (1985, режиссері М.Смағұлов), «Сайтан көпір» (1986, режисері Д.Манабаев) көркем фильмдерін жарыққа шығаруға түсірілім тобы талпынып көрді. Бірақ әзірге кілті табылмады.

Себебін КСРО халық артисі, театр және кино актері Асанаәлі Әшімов республикалық «Айқын» газетіне берген сұхбатында былай түсіндіреді: «Көп режиссер Оралханды түсінбейді. Оның жазудағы қолтаңбасы ерекше: көбінесе фантастикалық, аңыздық стильде жазылады. Символдық астарға көп мән береді. Осы жағынан келгенде жапондық жазушылармен үндес дер едім. Оралханға осы қырынан келу керек. Өйткені оның қазақы шеңберден шығып кеткен ойлары бар. Фантастикаға жақын. Қай жағынан барсаң да, өзінше астар

тауып, жанданып кетеді. Кейіпкерлер характері де өзгеше. Анау шал... сұлу қыз... аппақ қар... таудың іші... Осының бәрі контрастка шебер құрылған. Әдемі кино ғой!

Тереңіне бойлап, астарын аша алса болғаны, қалғаны дап-дайын дүние. Ең бастысы, бұл шығармаларда тағдыр бар. Адамдардың бейнесі, мөлдір әлемі, боямасыз болмысы бар. Шукшин, Шолоховтар сияқты. Елестетіп отырып, бір деммен оқып шығасың. Экрандаса, режиссерлердің Оралханға әйтеуір бір айналып соғатыны заңдылық. Алайда Қазақстанда соны қоятын режиссерді дәл қазір мен көріп тұрған жоқпын.

Біздің режиссерлер түсірсе, көпшілігі «қазақбайлап» қояды, тұрмыстық деңгейден ұзамайды. Ал Оралханның шығармашылығы одан әлдеқайда алыс, әлдеқайда биік. Онда тазалық, мөлдірлік бар. Ең дұрысы, мұны шетелдік қоюшы мамандарға беру керек. Бәлкім, сонда Оралханның философиясына бойлармыз, жақсы дүние шығар» [2].

Жоғарыдағы келтірілген жолдар автордың жеке пікірі дегенмен, қисынсыз емес, біздіңше. Экраннан бөлек, Оралхан Бөкей туындыларының сахналану қарқыны соңғы уақытта саябыр тапқанына куәміз. 1974 жылы қазақ сахнасында жаңалық болған режиссер Қадыр Жетпісбаевтың «Құлыным менің» драмасы, одан кейінгі «Қар қызы» (режиссері Мен Дон Ук), «Текетірес» (режиссері Әубәкір Рахимов) қойылымдарынан соң араға бірнеше жыл салып көрерменге Нұрқанат Жақыпбайдың режиссурасында жол тартқан «Атау кере» спектаклінен өзге суреткердің шығармашылық әлеміне бойлауға ұмтылушылар некен-саяқ.

Алайда жаңалыққа ұмтылғыш, формалық ізденгіш шығармашылық ұжым үшін аталған шығармалар өзінің кейіпкер характерін берудегі сонылығымен, оқиғаны жеткізудегі жаңашылдығымен, сюжеттерінің драматургиялық талаптарға бағына отырып шебер қабысуымен құнды болып келеді. Мәселен, Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» туындысын қазақ прозасындағы жаңалыққа балап жүрген әдебиетшілер қауымы Оралхан Бөкей шығармашылығына бойлар болса, кейіпкер жанының екіге жарылу (раздвоение личности) тәсілін жазушының ХХ ғасырдың 70 жылдарында-ақ әдеби туындыларында пайдаланғанына көз жеткізе алады.

«Қар қызы» повесіндегі Нұржан бейнесінің бірнешеге бөлінуі немесе «Текетірес» пьесасындағы – Ақтан 1, Ақтан 2 бейнелері сөзімізді дәлелдей түседі. Сол арқылы ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен зұлымдықты, адалдық пен арамдықты текетірестіріп, оқиғаларын ойлы контрастка құра отырып, драматургиялық тізбекті шебер байланыстырады.

Пьесадағы философиялық терең пайымдар мен дүниетанудағы таным ауқымдылығы, кейіпкер сомдауы формалық тосын шешімдерімен жаңалыққа толы. Кейіпкерлері әдеттегі драмалық образдардан бөлек. Делқұлы, Жұмбақ адам, Мылқау кемпір бейнелері тек оқиға желісін толықтырушы детальдар емес, шығарманың реалистік күшін, символдық құнын өткірлендіре түсетін тапқыр шешімдер. «Оралхан Бөкейдің драмадағы тағдыры табысты дегеніміз

жөн. Оның қаламынан шыққан сахналық туындылар көңілге үлкен сенім ұялатады.

Ол, әсіресе, жастар, жасөспірімдер тақырыбын шұқшия зерделеген қалам иесі. Үнемі тосыннан тауып, тың ой айтатын еңбекқорлығы, ізденгіштігі, жаңалыққа жаны жақындығы оның драматургия жанрымен түбегейлі айналысуына толық мүмкіндік бергені анық. Өйткені драмалық элементтердің айшықты белгілерін оның прозалық шығармаларынан байқап білуге болады. Роман, повестерін былай қойғанда, шағын әңгіме, новелла, эсселерінен сахналық ұтқыр диалогтар мен ұтқыр монологтар тасқыны толассыз төгіліп жатқандай. Оралхан кейіпкерлерінің көбі ойлану, толғану үстінде жүреді. Өздерінің бүгінгі күннің адамдары екендігін ұмытпай, осы заманғы психологиямен сөйлеп, сыр шертеді» [3, 108]. Мысалы, «Мен осы бір суретті көрген сайын, сені есіме алатынымын, немесе сені есіме алған сайын осы бір суретті көретінмін...» деп басталатын «Жылымық» әңгімесіне ой жүгіртіп қарар болсақ, шығарма сезімге құрылғанымен, қаламгер Жанар тағдыры арқылы адамның адами қасиеттерін жегі құрттай кеміріп, айналасын түгелімен жайпап келе жатқан қоғам, рухани үлкен дертке ем іздейді.

Осы арқылы, оқырманын көңіл соқырлығынан, рухани азғынданудан сақтандырады. «Көздің соқырлығы ештеңе емес, Аллаһ көңіл соқырлығынан сақтасын. Дүниедегі ең қорқыныштысы – осы» деп түйін жасайды. Және адамгершілік жайындағы айтпақ болған, жүректерге жеткізгісі келген ойын табиғаттың ерекше кезеңі жылымықпен шебер байланыстыра суреттейді. Жылымық... Жылымық кезінде жолықтырған жаны сұлу Жанар және В.Васильевтің «Жылымық» аталатын суреті...

Міне, осы үш ұғымды – сурет, жылымық, соқырлықты тұтастыра, ұтымды ұштастыра отырып автор өмір шындығының көркем бейнесін жасайды, өмір, адам, тірлік, сезім туралы ой толғайды және сол үш ұғымды әңгіме ырғағының бастауы етіп алады. Мұны беруде суреткер негізгі міндетті «жылымық» деген сөзге, сөзге емес ойға жүктейді.

Жазушы сурет жайында: «Мен осы бір суретті көрген сайын, тіршіліктің мәнін бұрынғыдан әлдеқайда терең түсініп, адам өмірінің шын қуанышын, шын қайғысын жырлау, сипаттау екінің бірінің қолынан келмейтіндігіне илана түсетінмін. Бұл суретке ұзақ үнсіз қарап тұрып, бақыт, күлкітоқтық дегеннің барлығын санамнан сылып тастап, өзім де біле бермейтін мәңгі шексіздікке, мәңгі тұманды сапарға аттанып кетуді көксер едім...» десе, жалымық жайындағы ойын: «Жылымық...Қыстай қысырап жатқан қардың көбесі сөгіліп, жіби бастаған шақ жан-жануардың ең бір азып-тозған күйінің көктемді көксетер үміт жыршысына айналатын.

Салқын да сабырлы қабақпен қарсы алатын наурыздың кеші түнге ұласқанда дәуренінің дәм-тұзы таусыла бастаған ақпанның ақырғы айғайына, ақырғы күрсінуіне айналатын» деп сараптайды [4].

Осы арқылы адам, табиғат, өнер арасындағы терең үндестікке үн қосады, ой қорытады. Бұдан біз жазушы шығармашылығында кейде жекелеген сөздің де

абзацтар, сөйлемдер атқарар міндетті атқарып, солар көтерер жүкті алып шығатындығына көз жеткіземіз.

«Кино өнерінің даму тарихындағы әр кезеңде көрермен назары мен қызығушылығы тұрғысынан келетін жетістік нәтижесі – әлеуметтік маңызды мәселені қоғамдық дәрежеден жеке кейіпкер деңгейіне түсіре отырып тақырып негізіне алу» болса, бұл талапқа суреткердің соңғы жазылған шығармаларының бірі – «Атау кере» романы толыққанды жауап береді деп айта аламыз [5].

Қаламгер «Қауіпті будан» деп қосымша атау берген повесть-ескертпесінде тұтас бір ұлт тағдырын аралардың буданымен салғастыра отырып, сәтті әдеби паралель жасайды. У.Керр дейтін генетик-селикционердің бал арасының тұқымын жақсарту, өнім көлемін ұлғайту мақсатында америкалық аралар мен африкалық араларды қолдан будандастырып, өзгеше сұрыптағы ара өсіріп шығарған жаңалығының нәтижесін өз тәжірибесіне әкелген Ерік есімді кейіпкердің образымен беру арқылы соны ойға жетелейді.

Шығармадағы басты кейіпкер Еріктің әкесі қазақ та, анасы орыс, яғни генетикалық тұрғыдан келгенде, Керрдің аралары сияқты ол да будан. Әрі аралардың бойындағы өнімді көп жинауға келгендегі қанағатсыздық, қанағатсыздық тудырған қатігездік Еріктің болмысына да тән.

Бас кейіпкер төрт құбыласы тең, баршылықта келісті, қатарының алды болып өмір сүргенімен, табиғаты ұлттық сипаттан жұрдай. Ерік үшін неғұрлым ақшаны көп тауып, пайдаға кенелуден өзге бұл өмірдің адамгершілік, ұлтын сүю, халқына адал қызмет ету, адамдарға қайырымдылық ету сынды ізгі қасиеттер бағасын жойып, басты орынға материалдық құндылықтар шыққан.

Америкадан Алтайға арнайы алдыртқан аралардың өлермендігін, қатігездігін тап басып таныған қаламгер ауылдасытарының аузына: «Жат жұрттық ешқашан жарытқан да, жерсінген де емес, бүгін балын ұсынса, ертең уын ұсынады» деген сөзді салу арқылы қатаң ескертпе жасайды. Оқырманын ойлануға жетелейді. «Апталық алыс жол, мыңдаған шақырымдық қашықтықты аттап өтіп, Алтайға қоныс аударған будан ара, «қауіпті гибрид» бүгінде қаулап өсіп келеді...» деп түйін жасайды.

Шығармадағы күрделі образ – Таған тағдыры арқылы қоғамдағы түйткілді мәселелерді жан-жақты қырынан саралап, сараптай көрсетуге ұмтылады. Кейіпкер Тағанның аузымен айтылар «Неге біз осы?» деген сауалдың ішіне сиғыздырылып, қоғамның, ұрпақ келешегінің, тұтастай ұлт болашағының трагедиясы суреттеледі.

Сол секілді «Сайтан көпір», «Мұзтау», «Ұйқым келмейді», «Аспирант қыздың тракторшы жігіті», «Қасқыр ұлыған түн», «Ардақ», «Ауыл хикаялары» атауымен берілген тағы бірнеше әңгіме-повестері де, егер жіті зерделер болса, киноның көркемдік, драмалық талабына жауап беретін құнды қазына екендігі анық. Осындай гуманистік үлкен ойлараға бастайтын туындылардың кино мен сахна тілінде сөйлеуі – ұлт өнерін жаңа белеске көтеретін құнды аспектілердің бірі.

Әдебиеттер:

1. Нөгербек Б, Наурызбекова Г, Мұқышева Н. Қазақ киносының тарихы, 2005. – 286 б;
2. Жұмабай Н. Оралханға сағыныш // «Айқын», 2013, 18 мамыр, №86(2241);
3. Сығай Ә. Толғам, 2004. – 108 б;
4. Бөкей О. Көптомдық таңдамалы шығармалар жинағы, IV том, Ел – шежіре, 2013, – 354 б;
5. Нөгербек Б, Наурызбекова Г, Мұқышева Н. Қазақ киносының тарихы, 2005. – 286 б.

Mukusheva Nazira

**THE IMAGE OF THE CHARACTERS AND
THE SOCIETY IN THE MOVIE SCRIPT «ZHAZIRA»**

Мұқышева Н.Р.

өнертану кандидаты

**«ЖАЗИРА» КИНОСЦЕНАРИЙІНДЕГІ КЕЙІПкерлер
және қоғам бейнесі**

1960-жылдар – қазақ киносы үшін ұлттық дүниетанымның, халықтық сана-сезімнің қайнар көзін іздеу, соған қайтып оралу кезеңі ретінде өте маңызды. Осы жылдары жарыққа шыққан классикалық көркемсуретті фильмдердің қайсысын алып қарасаңыз да, олардың басы-қасында қазақ әдебиетінің кесек тұлғаларының тұрғанын көреміз. Фильмнің қантамырында, негізінде ұлттық мүддеге қызмет ететін идея болмаса, іргетасы қаланбаған үй секілді, ертелі-кеш бір құлайтыны белгілі. Қазақтың көп фильмдерінің өміршеңдігінің де бір сыры осында: іргетасы мықтап қаланған. Ал, іргетас деп отырғанымыз – фильмнің сценарийі. Жақсы сценарийсіз жақсы фильм жоқ. Олай болса, киношығарманың тағдыры сценариймен тығыз байланысты.

Сценарийдің болашақ фильмнің тағдырын анықтап әрі белгілеп беретіні туралы кеңес киносының классигі М.Ромм былай деп жазады: «Фильмнің тағдырын драматургия шешеді. Актердің жұмысы, режиссердің кадрмен, көпшілік көріністерімен жұмыс істей алу шеберлігі, монтаж, бейнелеу қатарының шешімі, бір сөзбен айтқанда, кинематографқа қатысты барлық компоненттердің әрқайсысының атқаратын рөлі өте маңызды. Бірақ, фильмнің негізі әрі іргетасы ретінде сценарийдің орны ерекше. Шығарманың идеялық және көркемдік шешімін анықтап бере алатын әрі оның сәтті-сәтсіз шығуына кепілдік беретін де осы сценарий» [1, 56]. Сондай-ақ, режиссер кино өнерінің тарихына классикалық дүние болып енген фильмдердің барлығының негізіне көрнекті сценарийлердің арқау болғанына назар аударады: «Дыбысты кинематографтың барлық ірі шығармалары аса көрнекті сценарийлердің негізінде түсірілді. Кейбір жағдайда ол сценарийлерді кинодраматургтердің өздері жазды...; енді бірде көркем әдебиеттің ұлы шығармалары негізінде экрандалған фильмдер болды...; ал кейбір сәттерде режиссерлердің өздері сценарийдің авторына айналды...; немесе сценарий жазушы мен режиссердің

шығармашылық бірлестігінің нәтижесінде дүниеге келді. Алайда, бұл фильмдердің барлығын кинодраматургия тарихының аса көрнекті шығармалары деп толық сеніммен айта аламыз» [2, 333].

Олай болса, қазақ киносының «алтын қорына» енген шығарманың қайсысы болмасын, ең алдымен оның дінгегіне айналған сценарийіне мұқият назар аударуымыз тиіс. Сонда ғана ол фильмдердің ұлттық кинодраматургия тарихының асыл қазынасы екендігіне тағы да бір көзіміз жете түседі. Осындай шығармалардың бірі деп – қазақ өнері мен мәдениетінің інжу-маржанына әлдеқашан айналып үлгерген «Тұлпардың ізі» атты көркемсуретті фильмі (1964) мен оның негізінде болған сценарийді атап өтуіміз керек.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі драматург Әкім Таразидің сценарийі бойынша Мәжит Бегалиннің режиссерлігімен түсірілген «Тұлпардың ізі» фильмінің дүниеге келгеніне өткен жылы тура жарты ғасыр толды. Қазақ өнері мен әдебиетінің қос алыбын бір жерде тоғыстырған «Тұлпардың ізі» сценарийінің алғашқы нұсқасы «Жазира» деп аталды. Киносценарий Ә.Таразидің Мәскеудегі Жоғарғы сценарлық курста оқып жүрген кезінде (1960 жылы) дипломдық жұмысы ретінде жазылған болатын.

Дипломдық жұмысты жазып шығуға берілген қысылтаяң уақыттың ішінде болашақ жазушыға, драматургке өзінің өмірдегі көргені, бақылаулары, адамдарға, белгілі бір құбылыстарға деген қарым-қатынасы, өзіндік дүниетанымы көмекке келеді. Нәтижесінде әбден мезі еткен таптауырын нақышқа ұрынбаған, өзіндік стилі, көзқарасы бар, кинематографиялық пішіні өте қызықты «Жазира» атты киносценарийі дүниеге келеді. Алайда, кейіпкерлер бейнесі, оқиғасы, жанрлық шешімі, бейнелік қатар тұрғысынан алғанда «Тұлпардың ізі» сценарийінен айырмашылығы өте көп.

«Жазира» сценарийінде шағын қазақ ауылы мен оның тұрғындарының, соның ішінде басты кейіпкердің (Жазираның) көңілсіз сұрқай өмірі көрініс табады. Күндері бірінен бірі айнымай қалған, бұйығы тірліктен көз ашпайтын ауылдың, оның тұрғындарының өмірінде ешқандай өзгеріс жоқ. Бейнебір уақыт тоқтап қалғандай, адамдар жанды қуыршақтар секілді, «дала да жансыз, бір сөзбен айтқанда айналаны жайлаған көңілсіздік». Ауылдың бейнесі суға батып бара жатқан кеме секілді, ондағы өмір біртіндеп жойылып бара жатқандай әсер қалдырады. Қыстан шыққан ауылдың шөп-жемі әлдеқашан таусылған, мал қырылып жатыр, ал ферма басшысы Әуесхан оған бейберекет қарайды, той тойлап, демагогиямен шұғылданады...

Әкім Тарази өзіндік шығармашылық колтаңбасы айқын көрініс тапқан осы тырнақалды туындысымен-ақ бірден топ жарып, қазақ киносының есігін батыл ашады. Қазақ киносында бұған дейін «құрдымға кетіп бара жатқан» қазақ ауылы, оның тұрғындарының сүреңсіз өмірі экранда көрсетіле қоймаған болатын. Кеңестік «қырағы көз» цензура әдебиет пен өнердің шығармасында тек алдыңғы қатардағы озат колхоздар мен өндірістердің, ондағы жанкешті еңбек етіп жүрген «жағымды» кейіпкерлердің міндетті түрде көрініс табуын қатаң қадағалайтын кезеңде дүниеге келген «Жазира» киносценарийін алдымен мейлінше тосырқағандар да кездесті.

Оның себебі, үлгілі кеңестік колхоздың орнына көшпелі «Қызыл ту» ала алмай, артта қалған колхоз, жанкешті еңбек етіп жүрген кейіпкерлердің орнына колхоз өміріне бейжай қараған енжар адамдар, белсенді бастықтың орнына көрші ауылда тойлатып жүрген ферма меңгерушісі, аштан қырылып жатқан колхоз малы, бұрыш-бұрышынан жел уілдеп, қирап жатқан қора, жұмыстан бас тартып, қашып кеткен колхозшылар... қысқасы, «коммунизмге қарай бет алған» кеңестік колхоз бен оның тұрғындарының «жарқын» өмірі мен «жағымды» бейнесі сценарийде мүлдем кездеспейді. Ең бастысы, дәстүрлі кеңес киносында көрініс тауып жататын көркемдік шешім бұнда тіптен өзге кейіпте беріледі.

Әдетте ол фильмдердің басындағы «жағымсыз» кейіпкерлері соңында міндетті түрде «түзеледі», артта қалған колхоз әлбетте озып шығады, қырылып жатқан малдың да мәселесі шешіледі, ал колхоз шаруасына салқын қараған басшы «қателігін» мойындап, белсенділігі арта түседі немесе оның орнына басқа «жағымды» бастық келіп, шаруашылықты «дөңгелете жөнеледі»... «Жазира» киносценарийінде бұлардың ешқайсысы кездеспейді: ауыл да, колхоз да, малдың қырылуы да, қора да, бастық та бәрі сол күйінде қалады, тек соңы Жазираның үйден кетуімен аяқталады.

«Экранда – іш пыстыратын көңілсіз, жұпыны көріністер: айналада тіршіліктің нышаны сезілмейді. Өзен, ескерусіз қалған, әбден тозығы жеткен сым сияқты және осы сымның бойында қатып-семіп қалған шыбындарға ұқсайтын ауыл. Қамыспен жабылған ұзын ескі сиыр қорасы, төрт жағында төрт үй орналасқан...» [3] деп басталатын «Жазира» киносценарийінің басында кейіпкерлердің өмірі, материалдық ортасы, ауылдың атмосферасы егжей-тегжей суреттеледі. Бұл – ауыл тұрғындары үшін күн сайынғы еш өзгеріссіз, үнемі қайталанып отыратын көріністер. Автор экрандағы көріністердің іш пыстыратын көңілсіз, жұпыны екенін еске жиі түсіріп отырады.

Төрт үйі, ескі сиыр қорасы бар шағын ауылдың тыныс-тіршілігін бейнелеуде автор деректілікке, шынайылық жүгінеді. Әрі қарай ауылдың, оның тұрғындарының үйреншікті, көңілсіз өмірінде денсаулығын түземек болып, қаладан келген Отынбай пайда болады. Оның келуімен ауылдың, соның ішінде Жазираның бірқалыпты өмірінде әлдебір өзгерістер басталады. Ол біртіндеп күйеуі Әуесхан мен Отынбайдың болмысындағы үлкен айырмашылықтарды сезе бастайды. Әуесханның бойындағы жағымсыз мінез-құлқы келіншектің Отынбайға деген сезімін үдете түседі де, ақыр соңы үйден кетуімен аяқталады.

Бір қарағанда сюжеті қарапайым, кейіпкерлерінің іс-әрекеті түсінікті секілді көрінгенімен, «Жазира» сценарийінің идеялық, тақырыптық шешімінің астарында күрделі ой, автордың өзі өмір сүріп жатқан қоғамға деген көзқарасы, қарым-қатынасы беріледі. Жазираның ата-енесінің үйінен кету тарихы оның күйеуіне деген көңілінің қалуы немесе басқа адамды сүйіп қалуынан гөрі әлдеқайда маңызды әрі терең мәселемен байланысып жатыр. Сценарийде Жазираның Әуесханның үйінен кетуі – оны қоршаған тар әлемнен, тұншықтырған тар қапастан кетуі ретінде суреттеледі.

Сценарийде суреттелген ауыл мен кейіпкерлердің бейнесін, адамдардың іс-әрекетін, мінез-құлқының ерекшеліктерін әсірелемеуге, бейнелік қатар

жағынан деректілікке деген талпыныс, атмосфераның, ортаның өте суық, қатан бояулар гаммасында берілуі 1980 жылдардың соңында дүниеге келген «жаңа толқын» киносының алғашқы шығармаларының, әсіресе «Қиян» фильмінің эстетикасымен үндес екенін байқатады. Арасында отыз жыл айырмашылығы бар «Жазира» сценарийі мен «Қиян» фильміне тән ортақ ұқсастықтар болғанымен, әрине екі шығарманың әрқайсысының өзіндік көркемдік ерекшеліктері бар.

Ең алдымен, «Жазира» сценарийінің психологиялық драма жанрында жазылғанына назар аудару қажет. Автор осыған сәйкес кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесіндегі, рухани әлеміндегі психологиялық нәзік сезім иірімдерін, іс-әрекеттерінің себеп-салдарын, оқиғалар мән-мағынасының психологиялық астарын беруге ұмтылады. Бұл ретте деталь, білінер-білінбес емеуірін, диалогтар, кейіпкердің көзқарасы, қимыл-қозғалыстың сыртқы нышандары т.б. шебер қолданылады. Мысалы, сауыншылар жатақханасының бір бұрышында орналасқан ферма меңгерушісінің «кеңсесіндегі» Әуесхан мен Отынбай арасындағы диалог былай баяндалады:

«– Е-е-е.! – Отынбай кеңсеге көңілді сөйлей кірді, – өзіңнің кабинетің бар екен ғой?»

Әуесхан ештеңе деп тіл қатпады, алдындағы қағаздарды оқыған болып, үнсіз отыра берді.

Отынбай Майқарамен амандасты, Әуесхан үнсіз күйі қолын салқын ұсынды.

– Отыр, – деді ол, – достық өз алдына, қызмет өз алдына. Сондықтан... менің саған жұмысқа қатысты әңгімем бар.

– Ал! – Отынбай күліп жібере жаздады. «Үндеме Отынбай» деп өзін өзі басты. Отырды.

– Сен комсомол мүшесің ғой? – деп сұрады ферма меңгерушісі қалжындап отырмағанын білдіріп.

– Иә, не болыпты?

– Саған былай... өтініш бар. Фермамыздың жағдайы анау айтқандай мәз емес. Өзің де көріп жүрген шығарсың. Бізде комсомол ұйымы бар. Оның қатарында... Оның қатарында бес комсомол бар. Сенімен алты адам болады. Енді, сені оқытып жатпаймын ғой, – Әуесханға енді ғана жан біте бастады. – Өзің қаладан келген адамсың, бәрін бізден артық білесің... Бізге жақсы басшы керек. Өзің түсінесің, менің шаруашылықтан қолым босамайды, ал мына қыздар өз бетімен кетті, қолдарынан ештеңе келер емес. Мықты басшы қажет болып тұр.

Үнсіздік орнады. Сәлден соң Әуесхан әңгімесін қайта бастады.

– Өзің білесің, комсомол – партияның адал көмекшісі. Комсомолдың негізгі әрі басты міндеті – жастарға коммунистік тәрбие беру. Жастарды тәрбиелеудің басты үлгісі – оларды қоғамға пайдасы тиетін тірлікке, коммунистік еңбек пен коммунистік тұрмыс үшін күресушіп жатқан бүкілхалықтық қозғалысқа тарту болып табылады. – Неге екені белгісіз, Әуесхан үстелдің үстінде жатқан газетке қарап сөйлеп отырды.

«Тарту керек» деп Отынбай іштей қайталады, бірақ ләм-лим демеді. Отынбайдың көзі кенет алдында жатқан газеттегі «Комсомол – партияның адал көмекшісі. Комсомолдың негізгі әрі басты міндеті – жастарға коммунистік тәрбие беру» деген сөйлемдерге түсті. Мырс ете жаздады.

– Енді саған ақыл айтып отыратын мен емес. Кеше аудандық комсомол ұйымының жиналысында маған соңғы ескерту жасалды. Аудан бойынша бүкілхалықтық қозғалысқа ілесе алмай отырған біздің ферма ғана екен.

Отынбай газеттегі «Бүкілхалықтық қозғалыс» деген сөздің астын сызып қойды...» [3].

Ферма меңгерушісінің кеңсесіндегі екеуара болған әңгіме ендігі жерде Майқара мен Отынбайдың арасындағы диалогтармен жалғасады: «...Осыған дейін үндемей отырған Майқара асықпай үстелдің үстінде шашылып жатқан қағаздарды жинап, тартпаға салды да, Отынбайға қарады. Құпия түрде жымыды.

– Сонымен жастар де? – деді ол көшеге шыққанда.

